



■ ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

2-БЕТТЕ



■ МӘСЕЛЕ

ПОЛИЭТИЛЕННЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

9-БЕТТЕ



■ СПОРТ

ФУТБОЛДЫҢ КӨСЕГЕСІ КӨГЕРЕ МЕ?

10-БЕТТЕ

№20
(4144)
Сенбі
20 ақпан
2021 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ҮЙДЕН – ЖАҢА ҚОНЫСҚА

Елордада ескі үйлер азайып келеді. Өткен жылы апатты үйлерде тұратын 400 отбасы жаңа үйлерге көшірілсе, биыл 257 отбасын жаңа пәтерлерге көшіру жоспарланып отыр. Тозығы жеткен үйлерді сырып, қажетті баспаналар тұрғызу «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр.

6-БЕТТЕ



Нұр-Сұлтан қаласында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында 80-нен аса мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылады.

Елорданың сәулетіне сән қосатын ескерткіштер де бой көтеретін болады. Атап айтқанда, Әбу Насыр әл-Фараби, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенов, академик Қаныш Сәтпаев, күйші Дина, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ескерткіштерін, сондай-ақ COVID-19 дертімен күресушілерге арналған «Алтын жүрек» мемориалын тұрғызу жоспарланып отыр.



Елордада жыл сайынғы дәстүрлі «Бұрқасын-2021» қысқы фестивалі 28 ақпанда өтеді.

Фестиваль бағдарламасы аясында спорттың 8 түрінен: шаңғы жарысы, кір тасын көтеру, қол күресі, пималы хоккей, қармен нысананы дәлдеп ату, автмотоспорт және қардағы футбол жарыстары өтеді. Шаңғы жарысына тіркелу 20-26 ақпан аралығында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін, WhatsApp желісі бойынша online режимінде жүргізіледі. Өтінімдер +7 (707) 913 91 38 нөмірі бойынша қабылданады. Іс-шара сағат 11:00-де Есіл өзеніндегі амфитеатр жанында өтеді.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 502.19 \$ USD/KZT 415.96 ₺ RUB/KZT 5.65 ¥ CNY/KZT 64.32

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастық пен Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы өзара іс-қимыл мәселелерін егжей-тегжейлі талқылады. Қазақстан Президенті екі елдің пандемияға қарсы күрес жұмыстарына оң бағасын берді. Қарағанды қаласында «Спутник V» вакцинасының өндірісі іске қосылды. Екі елдің үкіметтері ресейлік вакцинаны Қазақстанға жеткізу туралы келісімге келді.

Биыл Көкшетау қаласында Қазақстан мен Ресейдің аймақаралық ынтымақтастық форумын өткізу туралы келісім жасалды. Ал оны өткізу формасына қатысты нақты шешім эпидемиялық жағдайға байланысты қабылданады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс сапарымен келген Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камиловты қабылдады.

Кездесу барысында министр Президентке Өзбекстан көшбасшысының Ташкент қаласында «Орталық Азия және Оңтүстік Азия: өңірлік өзара байланыстар. Сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» атты халықаралық конференция өткізу туралы бастамасына қолдау білдіру туралы өтінішін жеткізді.

Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы берік достық пен тату көршілікке негізделген стратегиялық серіктестіктің қазіргі ахуалы және оны әрі қарай нығайтудың перспективалары талқыланды.

ПАРЛАМЕНТ

Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінде «Жайылымдар туралы» заңды іске асыруға арналған кеңейтілген отырыс өтті. Жиынға депутаттар, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, фермерлер қауымдастығының және шаруа қожалықтарының өкілдері қатысты. Отырыста өңірлердегі жайылымдардың тапшылығы және оның шешімін заңнамалық қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Сенатор Сұлтан Дүйсембинов қазір барлық облыстарда ауылдағы жайылымдық жерлердің тапшылығы байқалып отырғанын айтты. «Малдың 80 пайызға жуығы ауылдар маңайында және оның айналасында жайылады. Осыған байланысты бұрын жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін бөлінген 21 млн га жуық жайылымдық жерлер қатты тозып кетті. Кейбір ауыл тұрғындары кезінде ұзақ мерзімге ауқымды жерге ие болғанмен, бүгінде оны пайдаланбай отыр. Әрине, бұл жағдай жергілікті тұрғындардың наразылығын тудырады. Осы бағытта қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу қажет» деді С. Дүйсембинов.

ҮКІМЕТ

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі штаб өз жұмысын бастады. Мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің бірінші басшылары Nur Otan партиясының 2021-2025 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының әр тармағын орындауға жауапты болады. Премьер-министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов аталған Жол картасын жүзеге асыру үшін штаб мүшелерінің үйлестірілген жұмысы қажет екенін атап өтті. Жол картасында сайлау алдындағы бағдарламаны іске асырудың 362 тармағы бар. Бағдарламаның әр бағыты: «Қазақстандық отбасылардың әл-ауқаты», «Табысты әйелдер», «Аға буын өкілдеріне қамқорлық», «Ерекше мүмкіндіктері бар адамдарға қолдау», «Сенімді жұмыс орындары», «Гүлденген ауыл», «Халыққа қызмет ететін мемлекет», «Әділетті құқық қорғау жүйесі» және өзге де мақсатты шаралардың әрқайсысына жауапты мемлекеттік орган бекітіліп, жыл, сала және аймақ бойынша бөлінеді.



ЕЛОРДАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ – ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

Нұр-Сұлтан қаласын «ақылды қала» тұжырымына сай цифрландыру және трансформациялау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 6 негізгі бағыт бойынша басым жобалар іске асырылуда: білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, ТКШ, көлік және мемлекеттік қызметтер салаларын цифрландыру. Кеше елорда әкімі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевқа жұмыс барысын және оның қолданысын таныстырды. Іс-шараға бейнеконференция байланысы арқылы бірқатар министрліктер, облыстық әкімдік өкілдері және т. б. қатысты.

Алтай Көлгінов атап өткендей, цифрлық технологияларды енгізу қызметтердің сапасын арттыруға және қала тұрғындарының өмірін жеңілдетуге ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бірнеше есе азайтуға, адами факторды болдырмауға мүмкіндік береді.

«Ел басшылығы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мен автоматтандыруға ерекше көңіл бөледі, осы бағытта үлкен жұмыс атқарудамыз. Қазірдің өзінде көп нәрсе жасалды. Мысалы, өткен жылы біз көрсететін барлық 159 мемлекеттік қызметті электронды форматқа көшірдік. Бізге iQala орталығының да көмегі зор. Онда тұрғын үй-коммуналдық секторы саласында «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру қызметтерін алуға болады. Бұрын қызмет көрсету регламенті болмаған. Мысалы, пәтер сатып алғаннан кейін азамат барлық монополистерді аралап, әрқайсысымен жеке-жеке келісімшарт жасасып, ара-тұра қоңырау шалып, құжаттардың дайын екенін білуге мәжбүр болатын. Бұл іс 1 айға дейін созылатын. Қазір өтініш беруші iQala.kz сайты арқылы өтініш береді, 3-5 күн ішінде оған құжаттардың дайын екендігі туралы SMS-хабарлама келеді. Осы жылдың басынан бері орталық 14,5 мыңға жуық қызмет көрсетті.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің

«Астана – адалдық алаңы» бірлескен жобасы аясында мектептегі тамақтану мәселесі қозғалды. Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру жүргізіліп, барлық төрт аудан әкімдігі фронт-офис форматына көшті. Ашық әкімдік режимінде жұмыс істеуде. Сондай-ақ денсаулық паспорттарын 100 пайыз цифрландыру жүргізілді. Медициналық анықтама берудің заңдылығын тексеру үшін ақпараттық қызмет әзірленді. Берілген анықтамаға QR-код жазылады, кодты сканерлеп, оның түпнұсқалығын тексеруге болады. Сондай-ақ барлық қоғамдық көліктер электронды төлем жүйелерімен жабдықталған. Бұл ақша қаражатының 40 пайызын көлеңкелі айналымнан шығаруға мүмкіндік берді. «Қауіпсіз аула» және т. б. жобалармен жұмыс істеуді жалғастырамыз» деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Бұдан басқа, қалада инженерлік желілер мен ғимараттарды, жер учаскелерін цифрландыру, бас жоспардың кеңістіктік үш өлшемді макетін, қаланың 3D моделін, инвестициялық карталарды және т. б. жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, инженерлік желілерді цифрландыру бірнеше мәселені бірден шешуге мүмкіндік береді. 3D және BIM технологияларын қолдана отырып, желідегі жүктемелерді көруге, яғни қай жерін ауыстыру керек, қуатты қай тұста арттыру керек секілді мәселелердің алдын алуға болады.

Сондай-ақ цифрлық жобаларды іске асыру қала құрылысы процестерін, ауруханаларды, мектептерді, балабақшаларды белгілі бір аудандарды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы деректерді болжауға және модельдеуге, қолданыстағы және жобаланатын жол желілерінің жай-күйін көруге мүмкіндік береді. Цифрландыру сол сияқты бос жер учаскелерін ұтымды пайдалануға, пайдаланылмайтын учаскелерді қайтару бойынша база құруға мүмкіндік береді.

Алик Шпекбаев Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қоғам өмірінің маңызды бағыттарын цифрландыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, ынтымақтастық және «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен бірлескен жұмыстарды жоғары бағалады. «Елорданың тәжірибесін өзге өңірлер де қолдануы тиіс. Қазір еліміз бойынша жер қатынастары және құрылыс салаларында үлкен проблемалар кездесіп жатады. Бүгін Нұр-Сұлтанға геопортал арқылы орын алған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, адами факторды болдырмауға мүмкіндік беретін ерекше шешімдер мен тәсілдерге куә болдым. Барлық әкімдіктер осы тәжірибені негізге алуы керек. Елордада қабылданған, қазірдің өзінде тиімділігін көрсетіп отырған стандарттарды басқа мемлекеттік органдар қабылдауы қажет» деп түйіндеді антикор басшысы.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Елордада «Шағала» атты ұшқышсыз авиациялық-барлау кешені сынақтан өткізілді. Ұшқышсыз ұшу аппаратын ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің әскери ғалымдары жасаған. «Шағала» барлаушы ұшқышсыз ұшу аппаратының тәжірибедегі нұсқасы бағдарламалық-аппараттық байланыс арнасымен жабдықталған.

АЛМАТЫ

Алматыда экологиялық мониторинг жүргізетін онлайн-карта жасалды. Жоба Алматының экологиялық жағдайы жөніндегі барлық мәліметтерді біріктіретін динамикалық платформа болып табылады. Мониторингтік стансалар әрбір 20 минут сайын онлайн режимінде ауаның жағдайы жөнінде ақпараттық жүйені іске қосып отырады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Өңірдегі Алға аудандық Ізтай Мәмбетов атындағы балалар кітапханасы ақын Ізтай Мәмбетовтің «Көктемір» поэмасына арналған онлайн конференция ұйымдастырды. Оған белгілі ақын, публицист, аудармашы Мейірхан Ақдәулетұлы, ақын, айтыскер Нұрлыбек Қалауов, т. б. қатысып, аталмыш шығармадағы Пугачев көтерілісіне қатысқан қазақтар туралы деректер төңірегінде әңгіме өрбітті.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Аталған аймақ тұрғындарының табысын арттыру үшін алдағы бес жылда 10 ірі инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Ауыл шаруашылығы саласында 2 жоба бар. Сондай-ақ Атырау қаласында газ-химия кешенінің құрылысы мен Қашаған кен орнының газын өңдеу зауытының құрылысы жобасы жоспарға енген.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстың барлық 489 мектебі жоғары жылдамдықты интернетке қосылды. Соңғы екі жылда меценаттардың көмегімен өңірде 74 IT-сыныбы мен 34 робототехника кабинеті ашылды. Қашықтан оқытудың сапалы жағдайларын жасау үшін 21 мың компьютер мен 3 мың Wi-Fi роутерлер сатып алынған.

ЖАСАМПАЗ БАСТАМАЛАР ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Елордадағы Достық үйінде «Жасампаз бастамалар: жаңа формат, айқын көзқарас, ортақ келісім» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалық етуімен өткен жиынға елорда мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы Есберген Алауханов, ҚР Парламенті Мәжілісі І шақырылымының депутаты, профессор Төлеген Қуанышев, ҚР Ұлттық академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек Құрманалиев, қоғам қайраткері, тіл жанашыры, «Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің басшысы Оразкул Асанғазы секілді зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиын барысында елорда мәслихаты депутаттарының алдағы жұмыс жоспары таныстырылды.

– Тәуелсіздік – біздің бар байлығымыз, баға жетпес құндылығымыз. Мемлекет басшысы айтқандай, биыл – қоғам мүддесіне арналған игі шаралар жылы. Тәуелсіздік жолындағы жасампаз жұмыстар өздеріңізбен бірге іске асып келеді. Осыған орай, тәу етер қастерлі тәуелсіздігіміздің құндылығы жастарымыздың санасына терең орнығуы керек. Мұны баршамызға жүктеліп отырған жауапты міндет деп есептейміз, – деді Бақтияр Мәкен.

Сонымен қатар қала әкімінің орынбасары зиялы қауым өкілдерінің қоғамдағы орны айрықша екенін атап өтіп, жыл басында өткен Парламент Мәжілісі мен қалалық мәслихаттар сайлауы кезінде тәуелсіз бақылаушы болып, саяси науқанға белсенді араласқандары үшін зор алғысын білдірді.

– Былтыр Нұр-Сұлтан қаласында ауқымды шаралар өтті. Атап айтқан-



да, елордадағы бірқатар көше мен мектептерге ұлы тұлғалардың есімі берілді. Олардың қатарында Смағұл Сәдуақасов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, әл-Фараби, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды ірі тұлғалар бар. Сонымен қатар Әбіш Кекілбайұлы мен Фариза Оңғарсынованың атына да көше берілді. Бұл игі істер алдағы уақытта да жалғасады, – деді елорда әкімінің орынбасары.

Жаңадан сайланған мәслихат депутаттарына сәттілік тілеген зиялы қауым өкілдері оларға жүктелген міндеттердің де ауыр екенін еске салды. Сонымен бірге елордада атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға ризашылығын білдірген зиялылар ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және басқа да елордадағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Өз кезегінде Оразкул Асанғазы әлі де қазақша жарнама мәтіндеріне аса мән беру керектігін айтты.

– Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы бұрын Целиноград болған кезінде көшелерінде қазақша атау некен-саяқ еді. Астана осы жаққа көшіп келгеннен кейін барлық көше атаулары қазақыланды. Қазақша көше атаулары бойынша елімізде бірінші орынға шықты. Дегенмен қазақ тілінің әлі де қолданыс аясын кеңейту керек. Мәслихат депутаттары сайлаушылармен кездескен кезде тұрғындармен ең әуелі қазақша сөйлесуі керек, – деді қоғам қайраткері.

Жиын соңында қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен барлық ұсыныс-пікірлер назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Нүрдәулет КӘКІШТЕГІ

ЕРЕКШЕ АУЛА КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында ерекше қажеттіліктері бар балаларға, жетім балаларға және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған «BABYTOWN» жаңа аула клубы ашылды.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Астана

жастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірлесіп, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы ашқан бұл орталық Қабанбай батыр даңғылында орналасқан. Клубта карате, жүзу спорт секциялары, сурет

салу, би, балшық терапиясы сынды шығармашылық үйірмелері бар. Мектепке дайындық курстары, сондай-ақ массаж терапиясы сауықтыру бөлмелері де бар.

– Жастар саясатының басты бағыттарының бірі – өскелең ұрпақтарды салауатты өмір салтын ұстанып, еліне еселі еңбек ететін сау денелі азамат болып өсуіне себін тигізетін әртүрлі мүмкіндіктерді жасау. Бүгін осы мақсаттың аясында елордадағы 24-аула клубын ашып отырмыз. Орталық ерекше қажеттіліктері бар балаларға, жетім балаларға және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға ақысыз қызмет көрсетеді. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша мұндай аула клубтары әлі де ашылады, – деді клубтың ашылуына қатысқан Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров.

Айта кетейік, аталған орталыққа өзге де балалардың да келіп, жаттығумен айналысуына, өнер үйренуіне де мүмкіндік бар. «Астаналық балаларға біздің орталығымыздың есігі қашанда ашық. Балаларды өнерге тәрбиелеп, жаттықтыру арқылы денсаулығын күшейтуге орталығымызда барлық мүмкіндіктер жасалған» деді аталған орталықтың құрылтайшысы Жанат Бесбаева.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



ҚЫТАЙ МЕН РЕСЕЙГЕ ТӨТЕП БЕРУДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

НАТО 17 ақпан күні Қорғаныс министрлері кеңесін өткізді. Жиналыста 30-дан астам мүшесі бар әлемдегі ең үлкен қорғаныс бағытындағы ұйымның алдағы басты проблемалары талқыланды. Байден үкіметі бұл жиынға алғаш рет қатысты.

Пентагонның ресми өкілі хабарлағанда, НАТО жиынында Қытайдың сын-қатерлеріне қалай төтеп беру мәселесі де қаралған. НАТО мүшелерінің Қорғаныс министрлері қатысатын жиында Қытай тақырыбының кең көлемді талқыланатынын ұйымның бас хатшысы бұған дейін де хабарлаған еді. Йенс Столтенберг оның себебін Қытай мен Ресей ережелерге негізделген халықаралық тәртіпке қауіп төндіріп отыр деп түсіндірді.



МАРСҚА СӘТТІ ҚОНДЫ

Америкалық Perseverance ровері Марс бетіне сәтті қонды. Қону сәті АҚШ аэроғарыш агенттігі (NASA) сайтында тікелей эфирде көрсетілді. Ғаламшар бетінде жүре алатын көлік тіршілік белгілерін іздеп көреді және топырақ үлгілерін жинайды.

Perseverance Марсқа былтыр шілдеде ұшырылған. Құрылғы «Марс-2020» миссиясы аясында ғаламшарда 700 тәулік жұмыс істейді. 10 ақпан күні Марс орбитасына Қытай зонды да жеткен. Одан бір күн бұрын Марс орбитасына Біріккен Араб Әмірліктерінің «Аль-Амаль» («Үміт») дейтін спутнигі жеткен еді.



МҰНАЙ ҚЫМБАТТАП КЕЛЕДІ

Brent маркалы мұнайдың бағасы 2020 жылдың қаңтарынан бері алғаш рет 63 доллардан асты. Лондондағы ICE биржасында Brent маркалы мұнай фьючерсінің құны 1,31 пайызға өсіп, барреліне 63,27 долларға дейін өсті. Бұл – 2020 жылдың қаңтарынан бергі ең жоғарғы көрсеткіш.

WTI мұнайы фьючерсінің бағасы 1,4 пайызға артып, 60,2 доллардан сатылды. Бұл да әлемдік пандемиядан кейінгі аталған мұнайдың бағасының алғаш рет көтерілуі. Осы жағдайға байланысты пандемия кезінде өнім мөлшерін төмендеткен мұнай өндіруші елдер қазір қысқарған өндірісті қайта қалпына келтіре бастады.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды облысында онлайн форматта облыстық спорт жарыстарының үшінші кезеңі басталды. Бұл – қалалар арасындағы «Қарлы қыс-2021» XXXI облыстық қысқы ауылдық спартакиадасы және «Ақ қыс-2021» XVIII қысқы спартакиадасы. Жарыс Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Ертіс өңіріндегі медициналық мекемелерде триж-жүйе дамып келеді. Келешекте бұл жаңашыл жүйе кез келген аурухана мен емханада пайда болмақ. Алдағы екі жылда алты медицина ұйымының қабылдау бөлімдері заман талаптарына сай жетілдіріліп, медициналық құралдармен жабдықталады.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістанда «E-salyq azamat» мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл мобильдік қосымшасы салық төлеушілер үшін тиімді әрі кез келген азамат үшін қолжетімді. «E-salyq azamat» тегін мобильді қосымшасын App Store және Play Market-тен жүктеуге болады.

ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

Nur Otan партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының Саяси кеңесі бюросының отырысында партияның сайлауалды бағдарламасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді.

Отырыс барысында 10 негізгі сын-тегеурін анықталды. Бұл: қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету; үлестік құрылыс; әлеуметтік сала; шет аймақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды дамыту; газдандыру; жолдар мен қоғамдық көлік; нөсер кәрізі мен тазарту құрылыстары; экология; қоғамдық қауіпсіздік; шағын және орта бизнесті дамыту.

Жол картасында белгіленген міндеттер туралы Nur Otan партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Кәрібек мәлім етті.

Nur Otan партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасында белгілегендей, тұрғындарды толғандыратын аталған мәселелер қала дамуының басым бағыттарына енді. Оның басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын үздіксіз жақсарту үшін жағдай жасау. Әлеуметтік салаға, яғни білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғауға үлкен көңіл бөлінеді. Алдағы бес жылда 30 дәрігерлік амбулатория, жаңа көпбейінді аурухана мен перзентхана салынады.

Алдағы бес жылда халық санының өсуіне қарамастан, үш ауысымды және тығыздалған мектептердің проблемасын

толық шешу жоспарланып отыр. Ол үшін 50 жаңа мектеп салуды көздеп отыр.

Елордалықтардың басым бөлігін алаңдатып отырған өзекті мәселе – қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл мәселені шешу үшін жыл сайын 10 мың пәтер салу жоспарланып отыр.

Елордамыз «шетсіз қала» болуы тиіс. Сондықтан тұрғын үй алаптарында жайлы және толыққанды өмір сүру үшін 130 км сумен жабдықтау және су бұру желілері, 85 км нөсер кәрізі, үш нөсер кәрізін тазарту құрылыстары кешені, бір қосалқы станса және 177 км электрмен жабдықтау желілері салынады. 500 ауланы жөндеу және абаттандыру жоспарланып отыр.

Сапалы жолдар мен қоғамдық көліктің үздіксіз жұмыс істеуі – елордадағы жайлы өмірдің маңызды құрамдас бөлігі іспеттес. Желілердегі автобустар саны артады, маршруттық желі жаңғыртылады, бұл қала тұрғындарының көпшілігіне қоғамдық көлік қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді. 300 мың автоәуесқойға қолайлы жағдай жасау үшін 250-ден астам көшеге жөндеу жүргізілді.

Қазіргі уақытта қалада нөсер кәрізі желілері мен құрылыстарының жұмыстары жүр-

гізілуде. Бұл жұмыстардың аяқталуы елордадағы экологиялық жағдайды жақсартады, ғимараттар мен үйлерді су басу қаупін азайтады, қаланы таза етеді.

– Пандемия экономиканың барлық салаларына айтарлықтай әсер етті, бизнесті жүргізудің әлсіз жақтарын белгілеп, жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, өз қызметін қайта форматтауды міндеттеді. 100 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда (жыл сайын орта есеппен 27 мың жаңа жұмыс орнын ашу, гранттар, жеңілдетілген несиелер, субсидиялар бөлу және т. б.).

Жастар – біздің болашағымыз. Елордада шамамен 250 мың жас тұрады. Оларға жан-жақты қолдау көрсетіледі, яғни жұмыс істейтін жастарға арналған «Елорда жастары» қалалық тұрғын үй бағдарламасын іске қосу, бизнесті дамытуға, оқуға және спортпен шұғылдануға қолдау көрсету.

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасы – бұл қаламыздың 5 жылға арналған даму жоспары. Аталған жоспарлар мен берілген уәделердің бәрін орындап, қол жеткіземіз, – деді Nur Otan партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Даулет Кәрібек.

ЕЛІНЕ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зимановтың 100 жылдығына арналған «Салық Зиманов: азамат, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.



Конференция Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауымен ашылды. ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов Мемлекет басшысының құттықтау сөзін оқыды. «Құрметті конференцияға қатысушылар! Бүгін аса көрнекті ғалым, академик Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толды. Бүгін – заң ғылымы ғана емес, бүкіл еліміз үшін айтулы күн. Салық Зимановтың тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалыптастыруға орасан зор еңбек сіңірді. Ол мемлекеттік, Егемендік туралы декларацияны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңды – алғашқы Ата Заңымызды әзірлеуге атсалысты. Сондай-ақ Қазақстандағы парламентаризм институтын дамытуға барынша үлес қосты. Әйгілі ғалым құқық саласының қыр-сырына терең бой-

лап, тағылымды еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе еліміздің саяси және құқықтық даму тарихы, билер институты сияқты үлкен тақырыптарды терең зерттеді. Оның мол мұрасы алдағы уақытта да ел игілігіне айнала беретіні анық» делінген Мемлекет басшысының құттықтау сөзінде. Президенттің айтуынша, Салық Зимановты ұлағаты ұстаз ретінде көптеген білікті заңгерлер тәрбиелеп өсірді. «Оның шәкірттері ел экономикасының түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Оның мерейтойы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тәспа-тәс келіп отыр. Мұның символдық мәні зор. Туған еліне қалтқысыз қызмет еткен Салық Зимановтың ғибратты ғұмыры – жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге. Конференция жұмысы табысты болсын, егеменді еліміз өркендей берсін!» деді Мемлекет басшысы.

Жадыра ШАМУРАТОВА

ПАРАСАТ САБАҒЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Антикор орталығында «Парасат жолы» жобасы аясында ел ағаларымен «Қоғам және парасаттылық» тақырыбында сұхбат өтті. Оған қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар Шәкір Ыбыраев, Серік Негимов, ақын Оңайгүл Тұржан, жазушы, «Парасат жолы» орталығының жетекшісі Сәдібек Түгел қатысты.

Төраға кеңесшісі Жазира Жақсылыққызының айтуынша, «Парасат жолы» жобасы аясында қоғам қайраткерлері жемқорлықтың дамуға, өркендеуге кесір болып отырғаны жөнінде өткір пікірлер айтқан. Мысалы, «Ұрлап алған ақшасы бір облысқа жетеді» деген профессор Шәкір Ыбыраевтың сөзінде ақиқат жатыр. «Жақсы дәстүр ретінде қанағат етуді айтуға болады. Жақсы отбасында «қанағат қыл» деп айтып отыру керек. Ол қалай болса, солай өмір сүруге қанағат ету деген сөз емес. Барына қанағат қылу. Белгілі бір нәтижеге қанағат ету. Ашкөздік пен тойымсыздыққа жол берсек, шаруа бітті. Шеті мен шегі жоқ. Оны тоқтататын – тек қанағат сезімі, – деді ол.

Ыбыраевтың айтуынша, қазіргі ұрлап жатқан, материалдық билік қолына түскен адамның тоймай

жатқан себебі де – қанағаттың жоқтығы. «Оларға тамақ, не киім жетпей жатыр ма? Олардың жиып алған ақшасына аудан, облысты асырауға болады. Проблема біреу – қанағатсыздық. Осыны адамның санасына құю керек. Сол кезде көп пәледен құтыламыз. Заңды қатайтып, аттап басса, жазалаудың қажеті жоқ. Саналы социумда саналы заң болуы керек. Еуропаның да бізден ерекшелігі – осы. Олар заңды қатайтып, қырып-жойып жатқан жоқ. Олар саналылықты басшылыққа алып отыр, – деді Ыбыраев.

Профессор мектептегі балалардан бастау керектігі алға тартты. Біріншіден, ұлтымыз бен мемлекетімізді сүюге тәрбиелеу керек. Екіншіден, сол мемлекетке зиян келтірмеуді саналарына құю керек, – деді ол.

ҚАР ҚАЛЫҢ ТҮСТІ

Елордада екі-үш күн шамасында 7 мм қар жауды, бұл айлық норманың жартысына жуығын құрайды. Бас қаладағы қар қалыңдығының айлық нормасы 15 мм болса, ақпан айында 19 мм қар жауған.

Осы күндері қар жинау жұмысына 500-ден астам арнайы техника мен 50-ден аса жұмысшы жұмылдырылған. Бірінші кезекте, ереже бойынша, жолдарда кептеліс болмауы үшін қозғалысы өте қарқынды учаскелер тазартылды. Одан кейін әр орташа қарқынды учаскелер, яғни алаңдар, вокзал маңындағы аумақтар, жол жиектері қардан аршылды.

Өткен тәулікте елордадан барлығы 26 мың текше метр қар шығарылды. Ал биылғы қыста бас-аяғы 2564383 текше метр қар жиналған. Қар елордада орналасқан 11 полигонға шығарылады. Қалада қар жинау 24/7 режимінде жүргізіледі. Полигондарда бақылау мақсатында фото және бейнекамералар



орнатылған.

Сонымен қатар «Қазгидромет» РМК синоптиктерінің болжамы бойынша 20 ақпанға

қараған түні термометр бағаны -25-27 градус аязға дейін, ал күндіз -15-17 градусқа дейін төмендейді деп күтілуде.

ВОЛОНТЕР БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

«Астана жастары» еріктілері елдің дамуына септігін тигізетін түрлі мәдени-бұқаралық, әлеуметтік, экологиялық іс-шаралардың басы-қасында қызмет етіп келеді. Енді аталған мекеме «Волонтерлер мектебіне» қабылдау үшін жастарды тегін дайындауды қолға алып отыр.

«Волонтерлік мектеп» үш бағыт бойынша жүзеге асады: әлеуметтік волонтерлік, ТЖ волонтерлері және халықаралық іс-шаралар. Қазіргі күні «Астана жастары» мекемесінде 300 белсенді еріктіден құралған арнайы команда бар. Ал қала бойынша

барлығы 3000-ға тарта волонтер тіркелген. Сол сияқты 25 волонтерлік ұйыммен ынтымақтастық байланыс орнатылған.

Волонтерлер жұмысы: спорттық, әлеуметтік және EVENT, ECO, ТЖ (жаңа бағыт) болып бөлінеді. «Астана жаста-

ры» қатарында волонтер болу үшін жеке куәлік (паспорт, туу туралы куәлік); сауалнама толтыру; әңгімелесуден өту; өтініш берушіге ұйымның сай келуін анықтау және волонтер болу ниетіне сенімділік болуы керек.

ҚАЗАҚСТАН: РЕФОРМА ЖОЛЫМЕН



Бауырлас Қазақстанда болып жатқан өзгерістерге немқұрайлы қарай алмайтынымыз анық. Мұның себебі Қазақстанның тек қана біздің атажұртымыз болғандығында емес, сонымен қатар, біздің жүрегіміздегі әлемнің сәулетшісі Қожа Ахмет Ясауидің қабірі де сол жерде. Басқаша айтқанда, Анадолының мәйегі тек материалдық жағынан ғана емес, рухани жағынан да Түркістаннан шыққан.

Өзім Шанлыурфа тумасы ретінде 1150 жыл бұрын қазіргі Қазақстанның Отырар қаласында туып-өскен ұлы ғалым, «адамзаттың екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фараби ислам мәдениетінің алтын дәуірінде Бағдат, Дамаск, Каирден тыс біздің Харран қаласында да зерттеу жүргізгенін мақтан тұтамын. Осы тұрғыда Түркияның Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық орнатуы керек деп санаймын.

Сондықтан мен депутат болып сайланғаннан кейін Қазақстанға ерекше қызығушылық таныта бастадым және Қазақстанның достық тобының төрағасы болуды қаладым. Осылайша, ата-бабалардың мекені менің

қызығушылығымның едәуір бөлігін ала бастады. Осы уақыт ішінде мен Түркия Республикасы бауырлас елдермен қарым-қатынасын нығайтқан сайын ол халықаралық аренадағы беделді елдің біріне айналады деген қорытындыға келдім.

Осыған байланысты 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Қазақстандағы Парламенттің төменгі палатасы Мәжіліс сайлауын мұқият қадағаладым. Бұл сайлаудың Қазақстандағы демократияландырудың бұрыннан келе жатқан процесінің жаңа кезеңі екенін атап өткен жөн.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болған реформалар процесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кезеңінде де жан-жақты жалғасын табуға. Бұл жерде Н.Назарбаевтың 2019 жылғы 19 наурызда президенттік қызметінен өз еркімен отставкаға кетуі аталмыш процеске оң әсер еткенін және Қазақстан демократиясы мен тұрақтылығы үшін өте маңызды екенін атап өткім келеді.

Президент Қ.Тоқаев бастамашы болған реформалар аясында тұжырымдалған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» дискурсы қоғамның барлық салаларынан қолдау тауып

жатыр деп сенемін. Президент тарапынан ұйымдастырылған саяси партия мүшелері, азаматтық қоғам ұйымдары мен зиялы қауым өкілдерінен құралған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі билік пен халық арасында тығыз диалог пен сенім қалыптасудың негізін қалап отырғаны да анық. Жаңа заң қабылдағанда немесе заңға өзгеріс енгізгенде кеңес мүшелері талқылаған мәселелерді Парламент өз назарына алып жұмыс жасады деп сенемін. Сайлау туралы, саяси партиялар мен бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Мәжіліс сайлауында партиялар көрсеткен кандидаттардың отыз пайызы жастар мен әйелдерден құралуы керектігі процеске жастар мен әйелдерді тартуға зор мүмкіндік береді.

Бүгінгі кезеңді пайымдасақ, Президенттің бұл реформаларды жүзеге асыруы сайлауға дайындықтың бір түрі екені көрінеді. Мәжіліс сайлауы мен жергілікті өкілді органдарды сайлау елдің саяси өміріне жаңа серпін берді деп айта аламыз. Сайлау науқанына жастар, әйелдер мен кәсіпкерлердің қатысқанын байқауға болады. Мәжіліс пен жергілікті мәслихат құрамының жаңаруы елді демократияландырумен қатар, елді басқаруға халықтың үлесін көбейтеді деп күтілуде.

Мәжіліс сайлау мерзімі де өте маңызды уақытта өтті деуге болады. Сайлау өткен уақыт елдің ішкі саясатының күн тәртібіне ғана емес, әлемнің бағытына да қатысты болды. Осыған байланысты әлемде 2020 жыл тарихта есте қалар бет-

бұрыс болғанын атап өтуіміз керек. Жаһандық індет бүкіл әлемге әсер еткенін ескерсек, әлем бұрынғыдай болмайтыны сөзсіз. Сондықтан пандемия кезінде туындаған мәселелерді ескерсек, басқарудың жаңа түсінігімен жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы сайлау шын мәнінде осы жаңа дәуірге дайындық болып табылады. Үкіметтің Мәжіліспен бірге халықтың сенімін жаңартуы ішкі қоғамдық пікір тұрғысынан да, халықаралық саясат тұрғысынан да маңызды. Басқаша айтқанда, Қазақстан жаңа дәуірге дайын деуге болады. Жаңа Президент, жаңа Мәжіліс және жаңа Үкімет Қазақстанда жаңа дәуірдің басталуын білдіреді.

Нәтижеде Мәжіліс сайлауы Қазақстанның алдағы кезеңге бетбұрысын көрсетеді. Президент Қ.Тоқаев 2021 жылғы 15 қаңтарда Парламентке үндеуінде жариялаған реформалардың жаңа пакеті Қазақстанды демократияландыруда қаншалықты батыл екенін дәлелдейді. Атап айтқанда, сайлау шкаласын 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету туралы ұсыныс, билік жүргізу процесіне халықтың қатысуын, сондай-ақ саяси партиялар институтының маңыздылығын арттырады деп айтуға болады.

Бауырлас ел ретінде Түркия Қазақстандағы оқиғаларды ерекше назарда ұстауды жалғастырады. Себебі біздің ортақ географиямыздағы маңызды ел – Қазақстанның тұрақты дамуы мен жарқын болашағына біз де мүдделеспіз. Кез келген мәселеде атажұртымыз Қазақстанды қолдау – біздің бірінші кезектегі парызымыз. Мен екі бауырлас ел ретінде тығыз ынтымақтастық негізінде мықты болашақ құратынымызға сенімдімін.

Мехмет Али ЖЕВХЕРИ,
Түркия Ұлы Ұлттық
Мәжілісінің депутаты,
Түркия-Қазақстан
парламентаралық достық
тобының төрағасы,
Парламенттегі Ұлттық
қорғаныс комиссиясының
мүшесі

Мәжіліс сайлауы Қазақстанның алдағы кезеңге бетбұрысын көрсетеді. Президент Қ.Тоқаев 2021 жылғы 15 қаңтарда Парламентке үндеуінде жариялаған реформалардың жаңа пакеті Қазақстанды демократияландыруда қаншалықты батыл екенін дәлелдейді. Атап айтқанда, сайлау шкаласын 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету туралы ұсыныс, билік жүргізу процесіне халықтың қатысуын, сондай-ақ саяси партиялар институтының маңыздылығын арттырады деп айтуға болады.

АУЫЛДАҒЫ КЕДЕЙШІЛІК АСТАРЫ НЕДЕ?

Nur Otan партиясы «әлеуметтік мұқтаж адамдар мәселесін экономикалық тұрғыда шешу маңызды» деп есептейді. Бұл мәселені шешудің оңтайлы әдісі – әл-ауқаты төмен азаматтарды микрокредитпен қамтамасыз ете отырып, адамдардың бизнес-сауатын арттыру. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Үкіметке берген тапсырмасында микрокредит проблемасына баса назар аударды. Енді мәселені Үкімет қалай шешеді деген сұрақ туады.

1. «Еңбек» бағдарламасының несиелендіру бағыты бойынша 2020 жылы ауыл тұрғындарына 43,3 млрд теңгеге 11294 жуық несие берілді. Осы бағдарлама аясындағы биылғы бюджет 20 млрд теңгені ғана құрап отыр. Яғни биыл шағын несие алушылардың саны 5200-ге азаяды. Пандемия кезінде Ұлттық экономика мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің кері позициясы бізге түсініксіз.

2. Микрокредиттеудегі басты



Ресми деректер Қазақстанда күнкөріс деңгейі төмен азаматтардың саны 1065 адамнан асқандығын көрсетеді. Өткен жылмен салыстырғанда кедейшілік деңгейі 21 пайызға өсіп отыр. Халықтың кедейлігі – ұлттық қауіпсіздікке тікелей кері әсер ететін басты проблема. Аса өзекті мәселе – ауылдағы кедейшілік.

проблема – кепілзат мәселесі. Бұл проблеманы несиеге кепілдік беру механизмін енгізу арқылы нақты шешетін уақыт жетті.

3. Биыл «Атамекен» және жергілікті әкімдіктердің қатысуымен шағын несие ұйымдарын ашу жоспарланып отыр. Ниет дұрыс, бірақ өзінің тиімділігін көрсете білген, оңтайлы жұмыс істеп тұрған, 10 жыл шағын несие беру тәжірибесі бар ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры не себепті жабылмақ? Мемлекет қарапайым халық мүддесі тұрғысынан қорды сақтау қажет. Өйткені өздері қиналып отырған ауылдағы ұсақ шаруалар мен зәру адамдар қаржы көзінен мүлдем қағылу қаупі басым.

4. Ауылда микробизнесі дамытудың басты аспектісі – тұтыну және қызмет көрсету кооперативтерін құру. Халықаралық тәжірибеде бұл кооперативтер өнімді өңдеу, өткізуге көмектесу, ветеринария, мал азығын дайындау бойынша қызмет көрсету, жаңа технология, жаңа тұқымдар жөнінде білім таратумен айналысады. Осындай

кооперативтерді әсіресе шалғай елді мекендерде құру өте өзекті.

5. Шалғай елді мекендерге арзандатылған микронесие жеткізудің де инфрақұрылымын жасау маңызды. Банктер мен микрокредит ұйымдары қала жанындағы елді мекендерді ғана қамтиды. Алыстағы ауыл арзан несиеге зәру, жеткізетін амал жоқтың қасы.

Бұл жөнінде де Президент Қ.Тоқаев «бірнеше аймақтарда «егістіктен сөреге дейін» кооперациялық тізбек» жасау жөнінде Үкіметке нақты тапсырма берген. Осы бастама бойынша 2 млн ауыл тұрғынының кірісін өсіру қарастырылған. Бүгінде бұл тапсырма формальді орындалды, қаржы көзі зәру адамдарға жетпеді деген пікір бар. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы бастама бойынша қанша зәру адамға нақты көмек көрсетілді деген есеп бергені абзал. Бізге әрбір адамның тағдыры қымбат!

Ерлан САИРОВ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ҮЙДЕН – ЖАҢА ҚОНЫСҚА

Аудан әкімдерінің есептік кездесулерінде тұрғындар тарапынан көп қойылған сұрақтардың бірі – апатты үйлердің сырылуы, оның иелерінің жаңа пәтерлерге қоныстану жайы. Бас қалада әбден тозығы жеткен мұндай тұрғынжайлардың саны 200-ге жуық.



Дәулет
АСАУОВ

Жергілікті билік бекіткен жоспар бойынша апатты жағдайдағы 5 үй (209 пәтерлік) – 2020 жылы, 4 үй (216 пәтерлік) – 2021 жылы, 16 үй (125 пәтерлік) 2022 жылы сырылуы тиіс.

Осындай үйлердің бірі – Байқоңыр ауданында орналасқан Янушкевич көшесі, 12-үй. 5 қабатты 18 бөлмелі ғимарат 1963 жылы салынған. Оның қабырғасы жарылып, кірпіштері түсе бастаған. Кей терезелер таспен қаланып, бекітіліп тасталған. Ғимараттың

сыртқы ұсқынсыздығы өз алдына, подъезд іші де көзге көргісіз: қабырғалары өрмекші торымен торланған, әр жерде ток сымдары ырсыып шығып тұр, әжетхана мен қолжуғыш шұңғылшасын тот басқан. Жатақхана тұрғындары, міне, осындай жағдайда бұған дейін тұрып келді.

– Бұл үйде және Янушкевич көшесі, 12/1 үйде 330 отбасы өмір сүрген. Қазір олардың көпшілігі Қарасай батыр көшесінде жаңадан салынған тұрғын үйге көшірілді. 20 отбасы Р.Қошқарбаев даңғылы бойындағы үйге орналасты. 2020 жылы 12-үйдің тұрғындары то-

лық көшірілді, 12/1 үй тұрғындарын жаңа қонысқа көшіру 2021 жылдың жоспарына енгізілді. Қала әкімдігі бұл жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді, – деді Байқоңыр аудандық инспекция бөлімінің басшысы Бекзат Тамшыбай.

– Әлбетте, әбден тозығы жеткен қауіпті жерде тұрып жатқан тұрғындар жаңа үйге көшуді көптен күтті. Енді, міне, жаңа қонысқа көшіп, қуанып жатырмыз. Қазір мұнда ешкім қалған жоқ. Біз осы үйде 22 жыл тұрдық, балаларымыз осы жерде ержетті, – дейді жатақхананың бұрынғы тұрғыны



Әулетбай Әйтұмов. Оның айтуынша, адамдар ескі қоныстарынан осыдан бір ай бұрын көшкен.

Бекзат Тамшыбайдың айтуынша, қазіргі күні Байқоңыр ауданында 441 көпқабатты үй бар, олардың 206-сы – жаңа ғимарат, тағы 174 үйдің күйі қанағаттандырылмай, ал 53 үй жөндеуді қажет етеді. Енді ешқандай жөндеуге жарамайтын 4 үйді сыру қажет. Бұл жұмыстар алдағы күндердің еншісіне қалдырылған.

– 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, үйдің 61 пайыздан артық тозығы жетсе және ол ведомстваралық комиссияның шешімі бойынша апатты деп танылса, сырылуға жатады. Осыған орай, 2021 жылы – Янушкевич көшесі, 12/1 үй; 2022 жылы – Янушкевич көшесі, 10/2


үй, Янушкевич көшесі, 10/3 үй және Сейфуллин көшесі, 54/2 үй сырылатын болады, – деді ол.

Үйді апатты деп тану үшін тұрғындар әкімдікке қажетті құжаттар тапсыруы тиіс. Мәселен, баспананың тозығы жеткендігін растайтын анықтама қорытындысы туралы өтініш; өтініш беруші төлқұжатының көшірмесі; нысанның орналасқан жері туралы анықтама; жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының көшірмесі.

– Сондай-ақ жоғарыда аталған құжаттарға үйдің апаттылығын айқындайтын фотофакт қоса беру қажет. Бұл құжаттардың бәрі жинақталған соң, мәселе ведомстваралық комиссияның қарауына шығарылады, нақты шешімді комиссия қабылдайды, – деді маман.

ЭКОЛОГИЯ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ ҚАШАН ЖАҚСАРАДЫ?

Биыл 1-ЖЭО мен 2-ЖЭО қазандықтарын толығымен газға ауыстыру жоспарланып отыр. Бұл жұмыс қаладағы ауаның ластануын екі есеге төмендетеді. Осы күні қос ЖЭО-дан жылына 55,5 мың тонна зиянды қалдықтар ауаға таралады. Бұл шаһарды ластайтын қалдықтардың 40 пайызын құрайды. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында осыны Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлышев баяндады.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

– Экология мәселесі қала үшін аса маңызды. Сондықтан газдандыру жобасы жүзеге асырылып жатыр. ЖЭО-лар да осы жұмыстан тыс қалмады. Өткен жылы 1-ЖЭО-да үш қазандық, 2-ЖЭО-да бір қазандық газға ауыстырылды. Биыл 1-ЖЭО-да жеті қазандық, 2-ЖЭО-да бес қазандық газға көшіріледі. Осылайша барлық қазандық газға ауыстырылады. Қажет қондырғылардың барлығы сатып алынды. Бұл әмбебап қондырғылар қатты отынмен де, газбен де жұмыс істей береді. Осы қыста оларды сынақтан өткіздік. Бәрі де жақсы жұмыс істеп тұр. Бұл шаралар ауаға та-

ралатын қалдықтарды жылына 20 мың тоннаға азайтады, – дейді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, 3-ЖЭО құрылысы жобасы сараптамада жатыр. Осы айдың аяғында бұл жоба қабылдануы тиіс. Одан кейін бюджеттік тапсырыс әзірленеді. Құрылыстың алғашқы кезеңін келесі жылы бастау жоспарланып отыр.

Қалалық мәслихат депутаты Ғабит Тәжімұратовтың пікірінше, қазір қала әуежайы сияқты стратегиялық нысандарды да газға көшіру маңызды.

– Әуежайда жылына 800 миллион теңге дизель отынына кетеді. Газ келетін болса, оның бюджеті жеңілдейді, – дейді депутат. Т.Құлышевтың сөзінше, әуежайға газ 2022

жылы тартылады.

Депутат Сергей Шукшев «Агроқалашық» тұрғын алабын газға көшіру, техникалық шарттарды алу жайын сұрады. Баяндамашының мәлімдеуінше, аталмыш тұрғын алапты газдандыруды биылғы мамыр айында толығымен аяқтау жоспарланып отыр. Ал техникалық шарттарды берумен «ҚазТрансГазаймақ» компаниясы айналысып жатыр.

Осы орайда мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов газдандыру жұмысын халыққа түсіндіру, тиісті хабарландыруларды тарату жайын көтерді.

– Қазір қаланы газдандыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Көптеген тұрғын алапта желілер салынды. Бірақ газға

қосу ісі өте баяу жүруде. Тек жеке тұрғын үйлердің иелері ғана емес, бизнес нысандарының өзі сұлбыр қимылдап жатыр. Адамдармен кездесу кезінде көпшілігі тиісті ақпараттан мақұрым қалғанын байқадым. Техникалық шарттарды қайдан алу керек, қайда бару керектігін білмейді. Өткенде Сарыарқа ауданының әкімі Есет Байкенин есебін тыңдағанымызда, ол газға қосу бағасы 30 пайызға төмендетілгенін, газды даладағы

құбырдан үйге кіргізумен 60 компания айналысып отырғанын мәлімдеді. Алайда ешкім бұл компаниялардың телефон нөмірлерін, мекенжайларын білмей отыр. Сәйкес ақпаратты бізге берсеңіздер, тұрғын алаптардағы чаттарға таратар едік, – деді Е.Каналимов.

Т.Құлышевтың айтуынша, тұрғындар тиісті ақпаратты «109» қызметіне хабарласып алып жатыр. Барлық мәселе осы қызмет арқылы шешілуде.





ЕКПЕНІҢ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢІНДЕ – ОТАНДЫҚ ВАКЦИНА

Елімізде коронавирусқа қарсы жаппай вакцинациялаудың үшінші аптасы аяқталды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабына сәйкес жеке келісімімен вакцина салдырғандар саны 19459 адамға жетті. Оның ішінде вакцина салдыратындардың ең алғашқы легіндегі елордалық 6 300 медицина қызметкерінің 1980-і «Спутник V» екпесін алды. Әзірге ресейлік екпенің теріс әсері туралы айтылмады. Алда енді отандық екпемен вакцинациялау басталады.

Райхан РАХМЕТОВА

Екпе егудің келесі кезеңінде қазақстандық вакцина салына бастайтынын кеше онлайн брифинг кезінде елорданың Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру бөлімінің басшысы Әлия Өмірзақова айтты. Жалпы барлық екпелердің жаңа партиясы осы айдың аяғында келіп түскеннен кейін медицина қызметкерлерін егу ары қарай жалғасады. Дәрігерлермен қатар педагогтарды, күштік құрылымдар қызметкерлерін, созылмалы аурулары бар науқасларды және басқа да адамдарды кезең-кезеңімен егу жұмыстары жүргізіледі. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемованың айтуынша, осыған орай қаладағы алғашқы медициналық көмек беретін мекемелерде арнайы кабинеттер жабдықталған. Күту залдары ұйымдастырылып, әлеуметтік арақашықтық сақтауға жағдай жасалған. «Ресейлік вакцина екі компонентті, үш апта аралықпен екі рет енгізіледі. Екінші компонентпен вакцинациялау 22 ақпанда басталады. Вакцинацияның толық курсынан кейін 1,5 ай ішінде ағзаның иммундық реакциясы пайда болады. Сондықтан екпе алғандарға алдын алу шараларын сақтауды жалғастыру қажет» деді Ә.Рүстемова.

ШЕТЕЛДЕ САЛДЫРСА, ЕЛДЕ ҚАЙТАДАН АЛМАЙДЫ

Егер қазақстандықтар шетелде жүріп вакцина салдырса, елге келген соң екпе алмайды. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемова арнайы брифингте «Шет елде Pfizer немесе Moderna вакциналары салынса, Қазақстанда қабылдана ма?» деген сұраққа осылай жауап берді. «Коронавирус инфекциясына қарсы вакцинацияны алғаны құжат бойынша расталса, әрине, сол жарай береді. Бұл ретте қандай вакцина салынғаны маңызды емес. Pfizer немесе басқа да вакциналар мақұлданады. Бастысы, ол адам коронавирусқа қарсы екпе салдырып, өзін вирустан қорғады» деді ол.

ЕКПЕНІ ҚАЛАЙ САҚТАЙДЫ?

Қазір елордада вакциналарды тасымалдауға арналған 20 мұздатқыш және 82 термоконтейнер бар. Қосымша 22 мұздатқыш қондырғы сатып алынды. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қоймасындағы төрт мұздатқыш қондырғыда бір уақытта екі мыңға жуық вакцина дозасын сақтауға болады. Мамандардың айтуынша, «СК-Фармациядан» екпелер егу кабинеттеріне дейін минус 18-20 градусты сақталып келеді екен. Тасымалдау



Алексей Цой, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

«Бүгінде мемлекет алдында тұрған басты міндет – медициналық қызметтердің сапасын арттыру. 2025 жылға қарай Қазақстан халқының орташа өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа дейін жеткізуді де көздеп отырмыз»

кезінде тиісті температура сақталады. Одан кейін қоймаға да барлық норманы сақтай отырып қабылданады. Сонымен қатар бүкіл медициналық ұйымдар арнайы тоңазытқыштармен қамтамасыз етілген және осы бағыт бойынша біліктілігін шыңдаған мамандар жұмыс істейді. Олар тасымалдаудың барлық кезеңіндегі сақтау жолдарын тексере отырып, әрі қарай тиісті деңгейде сақтауды қолға алады.

САЛА АРДАГЕРЛЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕҢЕСІ

Денсаулық сақтау саласын жаңғыртуда медицина профессорларының тәжірибесі мен білімі өте маңызды. Әрі саладағы реформаларды сәтті іске асыруда сабақтастық болу үшін қазіргі буынға медицинаның көптеген және көп білетін майталмандарының кеңесі қажет. Еліміздегі денсаулық сақтау жүйесі ардагерлері кеңесінің алғашқы отырысында осылай деген ДСМ басшысы Алексей Цой таныымал отандық кәсіби мамандардың көмегіне көп үміт артылатынын жеткізді. Жалпы аталған кеңес денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту және дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді әзірлеу үшін құрылған еді. Кеңестің бірінші жиыны медициналық-санитарлық алғашқы көмектің прогрессивті моделін енгізу және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің реинжинирингі мәселелеріне арналды.

АҚШ ЕКПЕГЕ 4 МЛРД ДОЛЛАР БӨЛЕДІ

Америка басшысы Джо Байден әлемде COVID-19 қарсы екпені әділ түрде бөлу үшін АҚШ жарнасын екі еселеуге шешім қабылдады. Сонымен құрама штаттар осы үшін төрт млрд төл ақшасын бөлмек. Ақ үй мәлімдемесінде: «Ковид әлемде бірде-бір ел пандемиямен жалғыз өзі күресе алмайтынын көрсетті. Сондықтан осындай шешім қабылдап отырған АҚШ 2021-2022 жылдарға арнап қаржы бөлді» делінген. Ал былтыр желтоқсан айында Америка ДДҰ-ның жер бетіндегі елдердің қауіпсіз деп танылған екпеге қолжетімділігін теңдей қамтамасыз етуге жұмыс істейтін COVAX бағдарламасына жарна ретінде екі млрд доллар бөлуді мақұлдаған еді.

ЕУРОПА ПРОФЕССОРЫНАН САБАҚ АЛДЫ

Нейрохирургия саласында тәжірибесі мол еуропалық профессор Рудольф Бертонольи Нұр-Сұлтан дәрігерлеріне шеберлік сағатын өткізді. Бес күн бойы шетелдік білікті маманнан ағылшын тілінде аудармашысыз дәріс тыңдаған 11 елордалық нейрохирург дәрігер соңында профессордың қолынан сертификаттар алды.

Шеберлік сағатында олар жұлын нейрохирургиясының өзекті мәселелерін талқылады. Әсіресе, жұлын бағаны және анатомиясы, биомеханикалық аспектілері, жұлын ісіктері мен оның зақымдануы туралы кеңінен ақпарат берілді. Профессордың осы келгенінде мойын омыртқасында дегенеративті-дистрофиялық өзгерістері және радикулярлы ауырсынуы бар науқасқа ота жасалды. Белгілі дәрігер бұл отаға кеңесші ретінде қатысты. Бас қаланың көп бейінді ауруханаларының нейрохирург дәрігерлері осы іс-шара барысында омыртқа, жұлында болатын нейрохирургиялық аурулардың теориялық негіздері және клиникалық жағдайларды талдау бойынша машықтарға дағдыланды. Осылайша жұлын нейрохирургиясы саласындағы кәсіби құ-

зыреттіліктерін арттырды. Шетелдік маманға елорданың бас дәрігері, қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов шеберлік сабағы үшін алғысын білдірді.

«Біздің мамандарға сабақ берген профессор әлем бойынша ең жоғары деңгейлі немістің мықты клиникасын басқарады. Келесі қадам бойынша біздің бірнеше дәрігерді осы клиникаға жіберіп, бір-екі ай солардың ота жасау үстелінде жұмыс істету арқылы тәжірибе жинақтауына мүмкіндік жасамақпыз» деді ол.

Шеберлік сыныбына қатысқан №1 қалалық аурухананың нейрохирург дәрігері Еркебулан Серікқановтың резидентураны қосқанда төрт жыл еңбек өтілі бар. Ол Германиядан келген профессордан сабақ алғаны өте үлкен тәжірибе болды деп санайды.



ҚОЛЖЕТІМДІ АККАУНТТАР АШТЫ

Биыл 1 қаңтарда COVID-19 вирусына қарсы вакциналау басталған Бейжіңде екпені бірінші кезекте ел астанасындағы халықтың 9 негізгі тобы алады. Вакцинаны алғаш болып медицина, полиция қызметкерлері, өрт сөндірушілер, кеден, халықаралық және ішкі қатынастардағы көлік саласының қызметкерлері, тамақ өнімдерін өндіру және жеткізу саласындағы жұмысшылар алады.

Қытай мегаполисінде қала тұрғындарын вакцинациялауға қатысатын медициналық персонал «3 тексеру, 7 растау және 1 анықтауды» қамтитын техникалық нұсқаулықты қатаң ұстанады. Үш тексеруге вакцина алушының денсаулық жағдайын, аллергиялық реакциялардың сырқатнамасы, сондай-ақ вакцинаның

сыртқы түрін, партия нөмірін, жарамдылық мерзімі мен шығарылған күнін тексеру жатады. Халықтың вакцинация туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Бейжің әкімшілігі Қытайдың әлеуметтік желілерінде вакциналар мен оларды қолдану туралы ақпаратты қамтитын жалпыға қолжетімді аккаунттар құрды.

ЕКІ ДҮНИЕНІ ЕРКІН СУРЕТТЕП...

(Жазушы Жолтай Жұмат-Әлмашұлының бір қысқа романы жақында)

Жұмбағы көп өмірді алып мұхитқа теңеп жүрген адамзат әлі күнге дейін оның барлық тылсым сырларын анықтап, зерттеп болған жоқ. Жарық дүние болған соң, оның жалғасы – о дүниенің де бар екенін, оның өз қарекеті, өз тәртібі болатынын көбіміз біле бермеуіміз мүмкін. Оған терең үңіліп, толыққанды мән бере бермейтініміз де жасырын емес. Бірақ адамзаттың екі дүниесі де бір-бірімен ажырағысыз, тонның ішкі бауындай тас-түйін байланысқан заңдылық екені айдан анық. Тірі пенде мұны қалай ма, қаламай ма Жаратқанның бұлжымайтын заңы солай.

Ислам ғұламалары ежелден-ақ мұны әрдайым ескертіп, адамдардың зердесіне құюмен келеді. Айту парыз болғанымен, мұның терең түкпірінде шын мәнінде маңызы зор мәселенің қылаң беретінін білудің өзі артықтық етпейді. Тіршілігінде жан-жағына мейірім шуағын шашқан жақсы адамдардың бақилық сапары да жақсы сипатталатынын әулие-әмбиелер өмірі, тіпті о дүниелік жақын-туыстарымыздың әрдайым түске кіріп, сол баяғы жайдары мінез-құлқымен, тіпті айтқан ақылымен жақсы әсер қалдыратынын ешкім жоққа шығара алмайды. Мұндай құбылыс, әрине, бақилық адамның тіршілігінде ұлағатты ғұмыр кешіп, ешкімге ұқсамайтын дара қасиетімен өзі өмір сүрген отбасына, былайғы жұртқа қадірлі болуымен ұзақ уақыт есте қалып қоятын тағы бар. Бұлай деп топшылауымызға себеп те жоқ емес. Белгілі жазушы Жолтай Жұмат-Әлмашұлының былтыр ғана жарық көрген «Ащы да тәтті өмір» (Қалдан-Жалден, Нұр-Сұлтан, 2020 ж.) аталатын қазіргі қысқа романдар топтамасына енген «Бомбидан келген келіншек» роман-драмасын оқығанымызда тағы да айқын көз жеткізгендей күйге түстік.


Роман-драма бір отбасында ұзақ жылдар бойы тату-тәтті өмір сүріп, ұл мен қыз тәрбиелеп өсірген ерлі-зайыпты жандардың жан-күйзелісі мен тебіренісі арқау еткен. Өкініштісі сол, роман желісі отбасы иесі, беделді ер-азамат Байжұманның жастайынан құдай қосқан қосағы Бижамаалдың мезгілсіз о дүниеге озуынан туындаған өзекті өртейтін шерлі-мұңмен өрбіп отырады. Дәлірек айтқанда, Англияда оқитын қызын көріп қайтпаққа аттанған отанасы Бижамаалдың қапияда ұшақ апатынан қаза тауып, ері Байжұманның сүйікті жарынан айырылып, ауыр мұңлы күйге душар болуы кімді де болса бейжай қалдыра алмайды. Алайда сүйікті жары, балаларының жақсы анасы бақилық болған келіншегі Бижамаал мен Байжұманның арасындағы екеуара диалог-әңгімені зерделей келе біз белгілі жазушы Жолтай Әлмашұлы өз шығармасын тек мұң мен қайғырудан емес, адамгершілік иірімдеріне, отбасы игіліктеріне, балаларының болашағына нұрлы бағдар сілтеу сияқты маңызды жағдаяттарға басым көңіл бөлгенін байқаймыз. Тіпті

«адамды басыңа іс түскенде байқайсың» деген қағиданы жете түсінгендей боласың?

Айтылар ой тіпті бақилық келіншекке келіп тіреліп тұрған жоқ. Шығарманың айтар идеясы – өмірге құштарлық, сыйластық, қамқорлық, ешкімді ренжітпеу сияқты адами қасиеттердің тіршілікте қаншалықты маңызды екенін жеріне жеткізе баяндау болып табылады. Адам бойында кездесетін жақсы әдеттерді жаңғыртып, жамандарынан арылу жолдарын көрсетуге ұмтылады. Белгілі жазушы сондай-ақ басқа түскен қиыншылыққа күйреп кетпей, қалайда үлкен жүректі адам болып қалудың адал да таза жолын нұсқайды.

Отбасы тіршілігін, балаларының өмірін қалай ұйымдастыру, тіпті отағасы Байжұманның шаңырағын шайқалтпайтын мәселелерді алдағы кезеңдерде қалай іске асыру керек деген өзекті ойлар жиырма жеті тун бойы бақилық әйел мен оның көзі тірі ерінің арасында өрбіп отырады. Бір қарағанда, бақилық келіншектің тун ішінде өзінің өмірде бар жан-жарының үйіне келіп, онымен тіпті өз бөлмесінде тірі адамдай тілдесуі қалай дегендей сұрақ туындайтынын да жасыруға болмас. «Ыңғайсыздау кездесу ғой бұлардікі» деген сияқты суық ойлардан бойыңыздың мұздап, тіксініп қалуыңыз да ғажап емес. Алайда роман-драма оқырманды мұндай пиғылдан дереу арылтып, шығарма оқиғасы одан әрі тапжылмай оқып шығуға жетелеп отыратынын ашық айтқан жөн. Өйткені бақилық келіншек жай ғана әйел емес, тіршілігінде ақылы асқан, парасаты даналық ой иесі. Негізгі мақсат – осындай жандарды әдеби-жағымды кейіпкер жасап, ой бөлісіп, пайдалы іс атқару, жақсыдан өнегелі ғибрат алып қалу. Сол арқылы жаманнан жиреніп, жақсылыққа ұмтылу.

Осы шағын роман-драмада, айта кетерлік өзекті мәселе, жастар тәрбиесі де шет қалмаған. Бақилық келіншек Бижамаал мен Байжұман өздерінің әр кездесуінде Англияда оқитын қызы Гүлсайранның болашақ өміріне көп алаңдайтынын үнемі қайталаудан жалыққан емес. Оның да өзіндік сыры бар болып шықты. Студент бойжеткен Гүлсайранның бірге оқитын досы, ұлты грек жігітіне тұрмысқа шығу ниетін Бижамаалдан естігенде Байжұманның естен тана жаздауы көпшілік



ата-анаға тән жағдай екені даусыз. Әкесінің жалынып ескертуін құп алғанымен Гүлсайран уақыт өте келе грек жігіттен бойын аулақ салады. Бірақ екінші бір шетелдік жапон жігітіне ғашық болып, ақыры оқиға екеуінің тұрмыс құруына әкеп соғады. Мұндағы басты қасірет – қазіргі кейбір жастардың мына жаһандану үдерісін халықтардың бір-бірімен ми-дай араласуын, жерге, ұлтқа бөлінбеуді дұрыс санайтыны, ұлтсыздануға бастайтын қауіпті құбылысты түсінбеуі еді. Шынында қазіргі жастардың, әсіресе қазақ қыздарының өз ұлтынан жиреніп, шетелдік ерлермен көптеп тұрмыс құруы алаңдатарлық жағдайға әкеп соғып отырғаны жұрттың



Роман-драма бір отбасында ұзақ жылдар бойы тату-тәтті өмір сүріп, ұл мен қыз тәрбиелеп өсірген ерлі-зайыпты жандардың жан-күйзелісі мен тебіренісі арқау еткен. Өкініштісі сол, роман желісі отбасы иесі, беделді ер-азамат Байжұманның жастайынан құдай қосқан қосағы Бижамаалдың мезгілсіз о дүниеге озуынан туындаған өзекті өртейтін шерлі-мұңмен өрбіп отырады

бәріне белгілі. Ел іші болған соң қазіргі кезде онда тұрған не бар деп, өздерінше пәлсапа түйетіндер де аз емес. Жазушы роман-драмасы арқылы қалың көпшілікті қалай да осы бір қауіпті бетбұрысты тежеу үшін бала тәрбиесін мықтап қолға алуға үндейді, өз ұлтын сүюге баулуды алға тартады. Өз ұлттымыздың қаймағын бұзбай ұрпақтан ұрпаққа таза болмысын сақтап қала беруді көздейді.

Роман-драмадағы ең жағымды кейіпкер Байжұманның жан досы Кенжеханнның қандай жағдайда да қол ұшын беріп, көмектесуге дайын тұруы үлкен жүректі адал азаматтың белгісін алға тартады. Мұндай достарың көп болса, жетерсің мұратқа, жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа деген қағиданы еріксіз еске түсіреді. Жалпы роман-драмада бұдан басқа да жас кездегі қателіктерге ұрыну салдары, есейген шақта соны түзетуге шарқ ұрып жанталасуы – адам баласында жиі кездесе беретін құбылыстар. Дәлірек айтқанда, некесіз балалы болу – ол баланың анасының түрлі себептермен бақиға озып, туыстарының қолындағы аянышты тағдыры қазіргі қоғамның басты қасіреттерінің бірі. Осындай қайғылы әрі ауыр тағдырлы балаларға барынша қамқор болуға ұмтылу іс-әрекеттерінің сөз болуы шығармада адамгершілік құндылықтарға ерекше мән берілгенін бағамдай түсеміз. Мұндай жағдайдың шығарманың басты кейіпкері Байжұманның да басынан өткені, басқадан туған ұлын жанұшыра іздегірі сенімді суреттелген.

Осы тұрғыдан алғанда, жазушы қиялынан туындаған адами-тәрбиелік тағлымы мол бұл шығарманы шын



мәнінде қазақ әдебиетіне қосылған үздік үлес деп айтуға толық негіз бар. Бақилық болғандар мен тірі адам арасындағы диалогқа құрылған шығармалар әлем әдебиетінде, тіпті қазақ әдебиетінде де кездесетіні оқырман қауымға жақсы белгілі. Қаламгер Жолтай Әлмашұлы мұны қысқа да нұсқа әрі тартымды етіп қызғылықты түрде өз оқырманына шеберлікпен жеткізе білген. Бірнеше жүздеген беттен тұратын далиған романдардан гөрі осындай шағын роман арқылы мол ой түйе болатынын белгілі жазушы шын мәнінде тағы бір рет дәлелдеп шықты. Жалпы қазіргі қазақ әдебиетімізде көлемі жүз бетке жетпейтін қысқа-шағын романдар жоқтың қасы. Сондықтан болар, белгілі қаламгердің «Ащы да тәтті өмір» деген кітабына енгізілген бес бірдей шағын романды қазақ әдебиетінде пайда болған тосын жаңалық ретінде қабылдап жатқандар да аз емес. Мұның өзі – жазушыға берілген үлкен баға, шынайы құрмет.

Мәселе бақилық әйелдің тун ортасында өз үйіне келіп, таң ата көзден ғайып болуына келіп тіреліп тұрған жоқ. Оқиға желісі марқұм Бижамаал мен көзі тірі бұрынғы жары Байжұманның бірге ғұмыр кешкен кездеріндегі бір-біріне деген терең сүйіспеншілік сыйластығын, екеуара мінез-құлық иірімдерін, бала тәрбиесін, тіпті қателіктің өзін түзеу қажеттілігін алға тартады. Бақилық Бижамаалдың ойы мен мақсаты қалайда бұрынғы ортақ шаңырақтың шайқалмауы, бұрынғы ері Байжұманның жаңадан өз отбасын құру қажеттілігі туралы өзекті ақыл-кеңестері жақсы адамның бақида да Жаратқанның сүйікті құлы бола алатынына кәміл сене түсесің. Яғни, роман-драманың арқауы «екі дүниенің жақсылығын бер» деп отыратын ата-бабаларымыз айтқандай жақсылық атаулы-

ның бәрін әуелі өзіңнен, одан кейін отбасыңнан бастап, халыққа қадірлі, елге сыйлы азамат бол дегенге саяды. Осындайда халқымыздың: «қайран, біздің аналар-ай, арды ойлаған» деп келтіретін ғибратты сөздері еріксіз еске оралады.

Байжұманның бақилық жары Бижамаал тағы бір келгенінде өзінің үйінде ұйқызметшісі ретінде жұмыс істейтін келіншек Айсараны жақсы жағынан сипаттап, бұрынғы ерінің сонымен бас қосуын сездірткен болатын. Айсараман көңіл жарастырсаң мен о дүниеде уайымсыз тыныш болар едім, саған келуді мүлдем доғарар едім деген ойын білдірген-ді соңғы келгенінде Бижамаал. Мұндағы айтылар ой – бұрынғы ортақ шаңырақты шайқалтпау, жақсы әйел келіп, өзінің орнын жоғалтпай, сүйіктісінің бақытты болуын тілеген ізгі ниет еді бұл. Мұндай ізгілік-мейірімділік иірімдері мынау қатыгездік жайлаған заманда азайып бара жатқаны көңілге үлкен өкініш ұялатады. Ешкім де бақилық болмай-ақ қойсын, бірақ былайынша бірге ғұмыр кешіп жүрген ерлі-зайыптылардың көпшілігінің өмірі күнде ұрыс-керіс, бірін-бірі тұқыртып, жанын жаралау екенін байқап жүрміз. Бақытты өмір сүрудің жолын нұсқайтын жақсылық атаулыны жанына серік етсе соларға ешкім «мынауың теріс» демес еді ғой. Демек, жақсылық атаулы, адамгершілік қасиеттер сарқылмаса екен, адамдар жақсы ғұмыр кешіп, саналы ұрпақ қалдырса екен деген ойлардың өзекті бола түсуі қазіргі қоғамды ойлантуы тиіс.

Үлкен қаламгер Жолтай Жұмат Әлмашұлының «Бақидан келген келіншек» роман-драмасын оқығандағы түйген ойларымыз әзірше осындай!

Сағындық НҮРЕКЕЕВ,
Қазақстан
Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты



ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

СУ ШЕМІН ДЕП У ІШПЕ!

Елдегі полиэтиленнің 15 пайызы ғана өзімізде өндіріледі. 85 пайызы – импорт. Ал оның ыдырауы үшін 1000 жылдан аса уақыт қажет. Бір ғана астаналық полигонға күн сайын 50 мың килограмм полиэтилен тасталады. Ең өкініштісі, оның 10 пайызы ғана қайта өңдеуге жіберіледі. Бұл – өте қорқынышты көрсеткіш. Экология көрген қорлықты талайдан бері естіп-ақ жүрсіз. Бәлкім, сіз үшін бұл жауыр болған тақырып шығар? Дегенмен табиғаттың жағдайы жаныңызға батпаса, денсаулығыңызға, өміріңізге төнген қауіп ойландырса керек.

Полиэтиленнің өте ұсақ бөлшектері айналаңызда ұшып жүруі де әбден мүмкін. Тіпті ауа арқылы ағзаныңа еніп кетеді. Қысқатолқынды пештен қорғанып, ішер асыңызды полиэтиленге сеніп тапсырғанда пакет еріп, 150-ге жуық канцероген түзеді де ауаға, асқа таралады. Арты – айықпас дерт. Себебі ағзаға орныққан соң, ешқашан шықпайды, күн өткен сайын ұлғайып, раққа айналады. Ол ол ма?! Канцерогені, яғни бисфенолы бар тағамды жеген ер адам белсіздікке ұшырайды. Ал әйелдер өмір бойы ана болу бақытынан айырылады. Мұны бірреттік пластик тәрелкеге ыстық тамақ салып, пластик стаканға құйылған буы бұрқыраған шай немесе кофе өңешіңізден өткенде ескерерсіз.

Ақ қағаз алу үшін, ағашқа балта шабылатынын мен айтпасам да білесіз. Ауасыз өмір сүре алмайтын адам баласы оны ақ параққа айыр-бастауда. Бұлай жалғаса берсе, талдың бәрі түбімен жойылып, таза ауа аппараттағы арманға айналады. Әлемнің озық елдері ақ қағаздан еріккеннен бас тартып, электронды жүйеге көшіп жатқан жоқ. Оның орнына қоңырқай түсті, қайта өңдеуден өткен макулатураны немесе электронды жүйені таңдайды. Ал өмірімізге орнығып алған полиэтиленнен біржола бас тарту мүмкін бе? Оның баламасы қайсы? Экопакет. Биоөнім. Бұларды жаппай қолданысқа енгізуге кімдер кедергі?

БАЛАМАСЫ – БИОПАКЕТ

Елорданың іргесінде 5 жылдан бері биопакет өндірумен айналысатын кәсіпорын бар. Онда азық-түлік сақтауға, қоқыс жинауға арналған пакеттер өндіріледі.

Көпшілік қажетін тасып, қоқыс жинауға керек қылар, полиэтилен пакеттер әйелдерді ана болу бақытынан айырып, еркек кіндіктің бедеулікке душар етеді. Қалайша дейсіз ғой... Жауабын хирург, «Ұлы Дала» компаниясының негізін қалаушы, эколог Мирас АББАСОВ айтып береді.

«Астанаға көшіп келгенімде қаланы қоқыс жайлап бара жатқаны жаныма батты. 5-ақ минут қолданатын полиэтиленді пакеттер 400-500 жылдай жеті атаңды танығанша жойылып кетпейді. Өздігінен шіріп кетпей, жанына жуықтаған тіршілік атаулысын өлтіріп тынады. Содан 2015 жылы ешкімге залалсыз 2-3 айда өздігінен шіріп кететін биопакет шығаруға бел будым. Компаниядағы барлық техниканы Қытайдан алдырдық. Сатып алған техникалардың тілін түсіну үшін арнайы маман қажет болды, ол да үлкен қаражатты талап етті. Сондықтан шығын шығармай техникалық құралдарды түгелімен YouTube желісі арқылы өзіміз жинап, іске қостық. Жеке кәсібімді жолға қою барысында кедергілер де көп болды. Таныстарымның арасынан райымнан қайтарғысы келіп, Қазақстанда экопакет өндірісін қолға алу тым ерте, оны халық тек 2050 жылы қолданады дегендер болды. Қарызға да баттым. Дегенмен айтқанымнан қайтпай, кәсібімді аяққа тұрғыздым. Жағдай оңалды. Міне, қоқыс қалдықтарын табиғатты ластамайтындай қылып өңдейтін цехтың ашылғанына 5 жылдан асты, жұмыс қызу жүріп жатыр» дейді «Ұлы Дала» компаниясының негізін қалаушы Мирас Аббасов.

ЖҮГЕРІДЕН ЖАСАЛАДЫ

«ТМД елдерінде осыған ұқсас өндіріс жоқ. Биопакеттер құрамында өсімдік шикізатының болуымен ерекшеленеді. Біз шикізатты Испания, Германия және Франциядан алып келеміз. Құрамы – түрлендірілген картоп крахмалы, жүгеріден алынған полисүтті қышқыл, целлюлоза ацетаты және пластификатор. Мұның зияны жоқ па? Осы сұрақты өзімізге де қойдық. Толықтай тексеруден өтті, шикізат 100 пайыз табиғи өнім болып табылады. Жалпақ тілмен айтқанда, жүгері қайнаған суда қалған қалдықтардан пакет жасап шығарамыз. Крахмал ерігенде полиэтилен сияқты жағымсыз иіс пен зиянды қоспалар шығармайды және олар полигонға жеткізілген сәтте табиғатқа еш залал келтірмей еріп кетеді. Біз шикізатты еуромен сатып аламыз, тасымалдау шығындары бар. Сол себепті валюта бағамдарына тәуелдіміз. Сондықтан бір



полиэтилен пакеттің құны 5 теңге болса, біздің пакет 27 теңге» деді ол. Өздігінен ыдырайтын пакет өндірісі 3 кезеңнен тұрады. Әуелі Испаниядан тасымалданатын жүгері түйіршіктері арнайы құрылғыға түсіп, балқиды, қамырға ұқсас күйге енеді. Құрылғыдан шыққан соң созылып, ісінеді де, артынша ақырындап суи бастайды. Жоғары температура мен қысым жағдайында түйіршіктерден пластикалық полимерлік қабықша түзіледі. Пакеттің көлемі, қалыңдығы, пішіні мен ені енгізіліп, бумаларға оралады. Одан кейін өнімнің сыртына арнайы логотип пен пакетті шығарушы жайлы ақпарат жазылады. Ең соңында қос құлағы мен жан-жағы тігіліп, биопакет кесіліп, дайын өнім болады. Одан бөлек арнайы тұрмыста қолданылатын тағам жасайтын, сұлулық салондарына қажетті қолғаптар өндіріледі.

САПАСЫ СЫН КӨТЕРЕМЕ?

«Микротолқынды пешке салсаңыз немесе күйдірсеніз, биопакет күйген қантқа айналады. Егер күнге қойып қойсаңыз, бірнеше күннен соң пакет газ сияқты қытырлап қалады. Бұл сахарозадан және крахмалдан жасалған зат қой. Тіпті жұмыс барысында қуырылған картоп, кейде саңырауқұлақ немесе бауырсақтың иісі сезіледі. ЕХРО кезінде акция жасап, пакеттерімізді таратқан едік. Сонда көптеген адамдар біздің пакеттеріміздің иісін бауырсақтың

кеттер 100 пайыз қауіпсіз дегенге келіспейді.

«Қазіргі таңда сауда орындарда биопакет атын жамылған оксополиэтиленнен жасалған ресейлік тауарлар, яғни пакеттер сатылымда жүр. Бағасы арзан. Оның құрамында өте ұсақ бөлшектерге ыдырататын арнайы қосынды бар. Бұл – ескірген технология, оған ЕО-да тыйым салынған. Алайда Ресейде дамыған, сондықтан олар бізде заңмен реттелмегендіктен осал тұсымызды біліп алып, ашықтан-ашық жеткізіп отыр. Саудагерлер де соны экопакет деп сатады, себебі бағасы арзан. Ол – синтетикамен аралас биополимер. Оның да иісі жағымды, жұмсақ, әдемі, табиғи өнімге ұқсас. Бірақ табиғи жолмен, яғни өзімізден ыдырап кетпейді. Оны полигондарға тастап, қайта өңдеу керек немесе өртеу керек. Өртегенде залалы өте ауыр. Өкінішке қарай, әлемдегі 150 биополимер түрінің 90 пайызы қайта өңдеуді, қосымша жұмысты талап етеді. Бұл – табиғи өнімнен алшақ дүние» деп тарқатты жоба жетекшісі.

СҰРАНЫС ҚАЛАЙ?

Кәсіпорын айына 5 миллион биополимерлі өнім шығаруға қауқарлы. Пандемияға дейін күніне 25 мың экопакет өндірісе, қазір 5 мың өніммен шектеліп отыр. Ал өнімдерінің 90 пайызы экспортталады екен. Көбіне сұраныс шетелден түседі, Ресей, Қырғызстан, Израиль, Украина мен Грузияға тасымалданатынын жеткізді М.Аббасов.

«Біздің цехта тәулік бойы жұмыс істейтін полиэтилен өндіретін өндірістердегідей үлкен жұмысбастылық жоқ. Тауарды сатуға еріктілер көмектеседі. Біз b2b сайты арқылы жұмыс жасаймыз, оған қоса өнімдерімізді Kenmart, Galmart, «Рамстор» дүкендерінде сатып алуға болады. Galmart, Bambino, GreenWay, Magnum сынды т.б. ірі компаниялар пакетке тапсырыс беріп отырады. Негізгі тұтынушыларымыз – эко-дүкендер, органикалық тағамдар, бет күтімі мен табиғи өнімді қолдануды сәнге айналдырған қарапайым адамдар. Ақша үшін полиэтиленді пакет өндірісін қолға алып, табысқа тез жетуге болады. Бірақ ол – табиғатқа, ұрпақ болашағына жасалған қасірет пен қастандық. Тура жолдан таймай осы ісімізді дөңгелете береміз» дейді ол.

Кәсіпорында 15 қызметкер бар. Соның ішінде 12-сі – мүмкіндігі шектеулі жандар. Кәсіпорын түскен табысының бір бөлігін оқушылар мен студенттер арасында экологиялық шаралар өткізуге арнауды әдетке айналдырыпты. Тағы бір бөлігін ағаш отырғызуға арнайды. Онымен де шектелмей пакет-өндірушілер бөтелкелердің пластик қақпағын жинап, Қарағандыдағы әлеуметтік экокасіпорынға жеткізеді екен. Одан түскен қаржы ауыр дертке шалдыққан балалардың емі мен жергілікті жануарлар үйіне тапсырылады. Қоғамда бүтін бір қайырымды кәсіпорынның барына қуандым, азын-аулақ табыс тапса да, қиналғанға көмек беруі – нағыз ерлікті іс.

Елімізде де жүгері өсіріп, шырышынан Испания сияқты биологиялық пакет жасауды неге қолға алмасқа?! Ырлыққа көнбей жер-көкке қаптап өсетін кендірден қорап пен себет шығаруды неге дамытпасақ? Сапасымен қоса саны артса, полиэтиленді дүкендерде тігін таратылса, халық іздемей-ақ табады. Ал керісінше полиэтиленді пакеттің бағасын арттырсақ, жаһанды жайлаған улы өнімнен бас тартуға болады.

Әу баста ФИФА мен УЕФА-ға мүше болғанымызда бөрімізді аспанға атып, әлемнің іргелі клубтарының қатарында боламыз-ау деп қуанғамыз қандай еді?! Мәселе неде деп ойлаймыз. Қазақстан футбол федерациясындағы жүйесіздік, басшы мен бапкер ауыстырғаннан басқа ештеңе өндіре алған жоқпыз. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық та жоқ емес деп ойлаймын. Егемендік алған жылдардағы кезеңді еске алайықшы, бүйірі тесік бюджеті бар қазынаның қалтасына түспей-ақ, әр облыстағы жергілікті меценаттардың қолдауымен-ақ қазақ футболы тәп-тәуір өнер көрсетті. Қарағандының, Ақтөбенің, Жамбылдың, Қостанайдың, Шымкенттің, Павлодардың футбол командаларына жергілікті билік пен қалталы азаматтар қамқор болып, ел футболын өрге сүйреді. Осы жылдарда қазақ футболының отаны Семейдің «Елім-ай» командасы үш дүркін Қазақстан чемпионы болды. Ол деңгейге қалай жетті дейсіз ғой? Семей қаласындағы жергілікті меценаттар әр ойыншыны өз қамқорлығына алып, тиісті қаражаттың өз қалталарынан төлеп ұстаған, әрине, әкімшілік тарапынан мардымыз болса да көмектің болғанын жоққа шығармаймыз. Бұл жерде «Елім-айдың» еселі жетістігін айтпаса болмас, ТМД елдері чемпиондары кубогының жартылай финалына дейін барды, бұл дегеніңіз бүгінгі УЕФА кубогының топтық кезеңімен бірдей жетістік дер едім.

ФИФА-ға мүше болған жылдары футбол федерациясында біраз жетістіктер болғаны байқалды, алдымен жергілікті жерлердегі футбол инфрақұрылымын дамыту қолға алынды. Ел чемпионатының құрылымы премьер лига, бірінші лига болып екі топқа бөлінді, кей облыстарда үшінші топта пайда болды, бұл әрине, қуанарлық жағдай еді. Бірақ кейіннен аймақтардағы футбол жүйесі едәуір қожырап кеткенін жасыруға болмас. Мәселен, балалар мен жастарды тәрбиелеуге мән берілмей кетті. Көптеген стадиондар УЕФА талаптарына жауап бермейді. Футбол академиялары барлық жерде бірдей дамып отырған жоқ.

Бүгінде Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе облыстарынан басқа бірде-бір облыстың футбол академиялары ғана өз тулектерін бүгінгі талапқа сай дайындап отырған жоқ. Соның салдарынан қазақ футболшыларының деңгейі өспей қалды.

Енді премьер лиганың жайына келейік, соңғы жылдары қазақ футболының мәртебесін көтеріп, әлемдік деңгейде бедел әкелген «Астана» командасының жайына тоқталайық. Елордалық команданың Чемпиондар лигасы мен Еуропа лигасындағы жетістіктері, әрине, жоққа шығармаймыз. Ел үшін бұл үлкен жеңіс болғаны сөзсіз. Алайда ашығын айтсақ, «Астана» командасы «Самұрық-Қазына» қоспағанын қаржысының арқасында қолдан жасалған кілең легионерлер командасы болды. Кейбір ойындарға бірде-бір қазақстандық ойыншы қатыспағанын да көрдік. Ал шын мәнінде жергілікті ойыншылар жоқ емес, бірақ оларға



ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ КӨСЕГЕСІ ҚАЛАЙ КӨГЕРЕДІ?

Еліміздегі аяқ доптың аяндап қалғанына айта-айта жалығатын болдық. ФИФА-ға мүше болғанымызға ширек ғасыр, ал УЕФА-ға мүше болғанымызға аттай жиырма жылдың жүзі болды. Алайда отандық футболшылардың деңгейі өспей қалды. Себебі легионерлер легі дес бермей тұр.

шетелдіктерге жасалғандай жағдай жасалмады. Сондықтан «Астанаға» енді «Қайрат» футбол академиясы сияқты жағдай жасау керек, сонда ғана астаналық команда тұрақты, болашағы бар команда болады.

Айтпақшы, легионер демекші, соңғы жылдары қазақ футболында келетін легионерлер саңырауқұлақтай қаптап кетті. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бұл, әрине, жас ойыншылар үшін тәжірибе болары анық, алайда сол легионерлердің бәрі бірдей жақсы ма? Қарап отырсақ, КПЛ-дің ортаңқолды командалары қайдағы-жайдағы ақсақ-тоқсақ легионерлерді жинап алатын болды. Ал сол шеттен келгендер бәрі бірдей жергілікті жас футболшылардан әлдеқайда жақсы ойнайды деп айта алмаймыз. Ал неге екені белгісіз, клуб басшылығы ақшасын молырақ төлеген ортаңқол легионерлерге сенім артады.

Соның салдарынан талантты футболшылар, әсіресе қазақ жастары қосалқы топта қалады, тіпті алаңға да шықпайды. Осылайша қазақ футболының болашағына балта шауып отырмыз. Бұл клубтардағы селекционерлердің әккі қулығына айналғандай, арзанқолды легионерлерді топырлатып әкеледі де, облыстың қазынасынан клубқа бөлінген қаржыны талан-таражға салады. Осылайша премьер-лигадағы командалардың басым көпшілігі әуірімдеп маусымды аяқтайды. Сондай-ақ өңірлерде футболдан мүлде хабары жоқ мамандар футболды басқаратын болды. Осындай қол ұшынан жалғасқан жемқорлық қазақ футболының болашағына қауіп төндіріп отыр. Оған дәлел келген легионерлердің қаржысын төлемей, клубтарымыз опық жеп отыр. Мәселен, әлемдік рейтингте өзіндік орны бар, Қазақстанның бірнеше рет чем-

пиондары болған «Ақтөбе» мен «Ертіс» командалары осындай күй кешті. Айтпақшы, «Ертіс» ұлттық чемпионаттан мүлдем шығып қалды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз үндеуінде футболға жергілікті бюджеттен қаржы бөлуді қысқартуды тапсырғаны белгілі. Сондықтан алдымен федерациясынан бастап реформа жүргізу керек деп ойлаймын. Соңғы деректерге жүгінсек, қазір біздің деңгейіміз Азия федерациясындағы көршілеріміз түбі бір туыстарымыз Өзбекстан, қырғыз елінің аяқ допшыларынан рейтинг бойынша төмен тұр екенбіз. Бұл тұрғыда клубтық деңгейіміз басымдау болғанмен, құрама деңгейінде бағымыз жанбай тұрғанын жасыра алмаймыз. Құрама демекші, кейінгі кездері құрамаға бапкер тұрақтамайтын болды. Бірі келіп, бірі кетіп, құраманың берекесі кетті. Биыл құраманың тізгінін отандық бапкер Талғат Байсуфинов ұстады, бұл өте дұрыс шешім болды. Біріншіден, қос тілді жете меңгерген тәжірибесі бар білікті бапкер – қазақ футболындағы ойыншыларды және олардың деңгейін жақсы білетін маман. Осы тұста айта кететін бір жай біздің федерация басшылары қандай бапкер құрамаға келсе бір-екі жылдан соң, қолынан келмеді, тапсырманы орындамады деп сенімсіздік танытып жатады. Бұл ретте шетелдік бапкерлердің біздің елдің менталитетіне, тіліне үйренгенше қаншама уақыт керек екенін ескере бермейді. Негізі құрама тізгінін ұстаған бас бапкер кем дегенде 3 жылдай болуы керек, сонда ғана ол толыққанды команда қалыптастыра алады. Бұл жерде бір ғана мысал келтірейін, халықтық команда атанған «Қайраттың» тарихына көз жүгіртсек, кеңестік кезеңде жасыратыны жоқ, әуірімдеп әрең жүретін командаға келмейтін бапкер жоқ еді. Сексенінші жылдары команда тізгінін ұстаған өзіміздің атақты футболшымыз Тимур Сегізбаев келген соң «Қайрат» қаһарына мініп түрленіп сала берді, өйткені оған үлкен сенім артылды, ойыншыларды, олардың деңгейін талдай білді. КСРО чемпионатында тәп-тәуір өнер көрсеткен еді. Жалпы «Қайраттан» үлгі аларлық көп нәрсе бар, алдымен әлемдік деңгейдегі футбол академиясын құрды. Өзге өңірлерде футбол академиясы жоқ емес, бар, бірақ ауыз толтырып айтарлықтай емес. Жамбылда, Шымкентте, Қарағанды мен Ақтөбеде ашылған академияларға жергілікті әкімшілік пен федерация тарапынан көп қолдау жоқ.

Биыл Қазақстан футбол федерациясы ұтымды шешім қабылдап, жанкүйерлерді қуанып отыр. Премьер лигада 14 команда сынға түсетін болды. Бұл жаман емес, бәсекелестік арта түседі. Отандық футболшылардың шеберлер командасында ойнауға мүмкіндігі артады. Ал бюджеті мардымсыз командалар қаншалықты қауқар көрсете алады, оны биылғы біріншіліктен байқаймыз. Ал болашақта мемлекет республика футболын дамытуға арналған арнайы бағдарлама қабылдамаса, қазақ футболының көсегесі көгермейді.

Қадырбек КӘКІМҰЛЫ,
журналист



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ ӨТЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласында 21 ақпан күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қысқы триатлоннан жекелей жарыстар өтеді.

Жарысқа тіркеу жарналарынан түскен қаржы «Тең мүмкіндіктер әлемі» қайырымдылық қорының «Саламатты болашақ» және «Спорт баршаға! Шексіз спорт!» әлеуметтік жобаларына аударылады. Бұл жобалар ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың дене шынықтыру және спорт арқылы қоғамға етене араласуына көмектеседі.

Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен қалалық Триатлон федерациясы ұйымдастыратын жарыстар қысқартылған супер-спринт қашықтығында: жүгіру – 2 км; велоэстап – 3 км; шаңғы 2,5 км өткізіледі.

Жарысқа 18 және одан жоғары жастағылар, денсаулығында спортқа қарсы кінәраты жоқ тілек білдірушілердің бәрі жеке старт арқылы қатысады, уақыт аралығы - кем дегенде 20 секунд құрайды. Қашықтықты белгіленген уақыттан кешіктірмей аяқтаған әрбір қатысушы мәре сызығында естелік медальмен және дипломдармен марапатталады.

Ал жарыста 1-3 орын алған спортшылар 23-25 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының Триатлон федерациясының кеңсесінде марапатталады.

Бүгінгі күнге дейін жарысқа қатысу үшін 173 адам тіркелді.

Барлық санитарлық нормалар сақталып өткізілетін қайырымдылық жарыстар 21 ақпан күні 8:45-те Триатлон паркінде басталады.



«БАРЫС» ПЛЕЙ-ОФФ БӘСЕКЕСІНЕ ШЫҚТЫ

КХЛ чемпионатында өнер көрсететін астаналық «Барыс» бейсенбі күні «Автомобилист» командасын ұтты.

«Барыс Арена» спорт кешенінде өткен ойында есепті бірінші кезеңде Роман Старченко ашты. Екінші кезеңде гол соғылмады. Ал үшінші кезеңде қонақтар есепті теңестірген, алайда астаналық Даррен Диц шешуші шайба соғып, «Барыс» жеңіске жетті.

«Барыс» қазір 66 ұпаймен Шығыс дивизионында алтыншы орында тұр. Бұл көрсеткіш команданы плей-офф кезеңіне шығарып тұр.

Ертең «Барыс» өз алаңында «Сибирь» командасын қабылдайды.

14233	АИТ-МА-ГАМБЕ-ТОВА	НАЗ-ГУЛЬ	ЖУ-МАБЕ-КОВ-НА	18.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14240	ОТАР-БАЕВ	АБЛИ-МУРАТ	ИСА-БЕКОВИЧ	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14247	КАП-КЕЕВ	НУР-ЛАН	СУЛ-ТАН-МАХ-МУТОВИЧ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14234	АУБА-КИРОВА	АЛЬ-МИРА	НУР-ТА-СОВ-НА	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14241	КАБ-ДОЛ-ДИНОВА	НАЗИ-ГУЛЬ	КА-ДЫЛ-БЕКОВНА	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14248	МАМИ-РОВ	ЕРБОЛ	КЫ-ДЫР-БАЕВИЧ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14235	АБД-РАХ-МАНОВА	ДИНА-РА	ЖЕ-НИ-СОВ-НА	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14242	ЕСЖА-НОВ	АР-МАН	ГАЛИ-ХАНО-ВИЧ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14249	РА-ХИМ-ЖА-НОВ	НУР-ЛАН	ТУР-ЛЫ-БЕКОВИЧ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14236	АМАН-ҚҰЛОВА	САЛ-ТАНАТ	ИСА-ТАЙ-ҚЫЗЫ	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14243	ТУЛЕ-ШЕВ	БАГ-ДАТ	МУХ-ТАРОВИЧ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14250	ТУЛЕ-БЕКОВА	ДИНА	РУС-ЛА-НОВНА	22.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14237	АСА-НОВА	ЗАРИ-НА	СУЛ-ХАДИ-НОВНА	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14244	МАҚ-СҰТОВ	НУР-ЛАН	МАҚ-СҰТ-ҰЛЫ	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14251	НАЙ-ЗАБЕКОВ	АДИЛ-ХАН	ЖАР-ТАСОВИЧ	22.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14238	ОСПАН-БЕКОВА	БИБИ-ГУЛЬ	НЕ-СИП-БЕКОВНА	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14245	НОВО-СЕЛОВА	ЯНА	ВАЛЕ-РЬБЕВНА	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14252	УМИР-БАЕВ	БЕРИК	АБДУ-АХА-ПУЛЫ	22.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
14239	ПОЛА-ТОВ	БЕРИК	БАЙ-ДУЛ-ЛАЕВИЧ	19.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14246	КУНЕ-ЖАНОВА	ДИНА-РА	ДАУ-ЛЕТ-ХА-НОВНА	21.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	14253	МОМ-БЕКОВА	МА-ДИНА	АМАН-ГЕЛЬ-ДИ-НОВНА	22.12.2015	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

(Жалғасы бар)

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 16.02.2021 №510-495

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес газдандыруды жүргізу және пайдалану үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан – Қарағанды тас жолының бойында, Армандастар көшесінен бастап Жаңатұрмыс көшесіне дейінгі учаскеде орналасқан жалпы ауданы 1-учаске – 3,1794 га, 2-учаске – 8,0502 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей,

меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен ауданы 1-учаске – 3,1538 га, 2-учаске – 1,7456 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нуркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нуркенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «16» 02 №510-495 қаулысына қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	21-318-129-1339	«Демеу Инвест» ЖШС	0,0022	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Армандастар және Қаражал көшелерінің қиылысы	Дүкенді салу және пайдалану	Жеке меншік
2	21-318-145-396	«Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	0,0234	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде, Қарағанды тас жолы бойымен	Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану

3.	21-318-145-245	«Астана-Өнім» АҚ	0,1923	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде, № 2/1 учаске	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	08.02.2056ж. мерзімге дейін жалға алу
4.	21-318-145-451	«Ақ Тұлпар-21» ЖШС	0,1239	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан-Қарағанды тас жолы, Мичурино тұрғын алабы ауданы, № 82 үй	Минизоопаркі бар мейрамхананы пайдалану	05.10.2026ж. мерзімге дейін жалға алу
5.	21-318-145-244	«Астана-Өнім» АҚ	0,0703	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде, № 2/3 учаске	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	08.02.2056ж. мерзімге дейін жалға алу
6.	21-318-145-033	ҚР Президенті Іс басқармасының филиалы	0,1882	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы	Тазарту құрылыстары блогын және материалдық қойманы пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
7.	21-318-130-325	«Ақ Тұлпар-21» ЖШС	0,2313	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан-Қарағанды тас жолы, Мичурино тұрғын алабы ауданы, № 82/1 учаске	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	05.10.2026ж. мерзімге дейін жалға алу
8.	21-318-129-778	«Astana Green Resource» ЖШС	0,1188	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Алаш тас жолы, № 132/1 үй	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Тұрақты жер пайдалану
9.	21-318-129-769	«Astana Green Resource» ЖШС	1,1322	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан-Қарағанды тас жолы, № 84 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
10.	21-318-145-245	«Астана-Өнім» АҚ	0,1083	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, 8,7 км Промышленный кентінің шығысына қарай	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	08.02.2056ж. мерзімге дейін жалға алу
11.	21-318-145-243	«Астана-Өнім» АҚ	3,2192	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Нұр-Сұлтан қаласының шығыс бөлігінде, № 2/2 учаске	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	08.02.2056ж. мерзімге дейін жалға алу
12.	21-318-145-237	«Астана-Өнім» АҚ	0,9201	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, 8 км Промышленный кентінің шығысына қарай	Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	08.02.2056ж. мерзімге дейін жалға алу

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАЙ МА?

Елордада коронавируспен күрес қарқынды түрде жүргізілуде. Десе де, көпшілік жиналатын орындарда, қоғамдық көліктерде маска тақпайтындардың кездесетіні жасырын емес. Осы ретте қала тұрғындарының арасында сауалнама жүргізіліп, санитарлық талаптарға қатысты пікірін білдік.



Аяжан Жүнісова, мұғалім:

– Әлем індетпен күресіп жатқанда біз қарапайым маска тағу арқылы қорғанып, қолымыздан келгенін жасауымыз керек. Әрқайсымыз барлық санитарлық талаптарды сақтай білсек, ауру-сырқаудан аман боламыз деп ойлаймын.

Нұрбол Жомартбек, студент:

– Коронавирустың барына сенемін. Дерттің алдын алу үшін, таралуын тежеу мақсатында қаншама жұмыстар атқарылуда. Бірақ кей тұрғындардың бейғамдығы, өз өмірі былай тұрсын, өзгелерге қауіп төндіріп жатқандығын сезінбеуі қынжылтады. Ондай кезде жасына қарамай түсіндіру қажет деп санаймын. Өз басым қоғамдық орындарда маска тағамын, антисептикті де еш ұмытқан емеспін. Үйге келгенде бірден қолымды сабындап жуамын. Барлығымыз аурудан аман болсақ екен.

Жанар Жүнісова, аспаз:

– Маска тағу дұрыс. Өзім де үнемі тағып жүремін, жиі ауыстырамын. Сақтықта қорлық жоқ. Барлық қала тұрғындарына айтарым, беттұмша мен антисептиктен бас тартпаса екен. Себебі бұл – барлығымызды аурудан құтқаратын барлық жол.

Жандарбек Думанбаев, спортшы:

– Арамызда маска таққысы келмейтіндер бар, әрине. Арақашықтық сақтау, көпшілік жиналатын орындарға бармау, қолды жиі жуу сияқты қарапайым ережелер. Мұны біз індет келмей тұрып та өз отбасымызбен ұстанатын едік. Сондықтан санитарлық талаптардың еш қиындығын көріп тұрған жоқпын. Халық керісінше тазалық пен салауатты өмір салтына қарай көшуде. Індеттің пайдалы тұсы да жетерлік, тек сабақ ала білу керек.



АУЛА КЛУБТАРЫ СПОРТ ПЕН ӨНЕРГЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласында 23 аула клубы жұмыс істейді, онда 28 спорт секциясы және 21 шығармашылық үйірме бар.

Соңғы 6 жылда елордадағы аула клубтарының саны 6-дан 23-ке, ал тәрбиеленушілерінің саны 300-ден 2 700-ге дейін өсті. Спорт секцияларының түрі 6-дан 28-ге дейін, сондай-ақ шығармашылық үйірмелердің түрі 5-тен 21-ге дейін көбейді. Қазіргі уақытта тәрбиеленушілерге хореография, бейнелеу өнері, музыка, сәндік-қолданбалы өнер, би, футбол, еркін күрес, каратэ, бокс, фитнес, шахмат, грек-рим күресі, дзюдо, қоян-қолтық ұрыс және басқа да өнермен айналысу үшін барлық жағдай жасалған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Алматы ауданында – 10, Байқоңыр ауданында – 8, Сарыарқа ауданында – 3, Есіл ауданында 2 аула клубы жұмыс істейді. Жақында «Үркер» және «Чугунка» тұрғын алаптарында аула

клубтары іске қосылды. Ал 2023 жылға дейін қаланың тұрғын үй массивтерінде және шалғай аудандарында осындай 9 аула клубын ашу жоспарланып отыр. Осылайша балалар мен жасөспірімдерге спорттық секцияларға шығармашылықпен айналысуына және уақыттарын қызықты әрі тегін өткізуіне мүмкіндік жасалмақ.

Аула клубтарының тәрбиеленушілері қалалық қана емес, республикалық, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі спорттық іс-шараларға белсенді қатысады. Сондай-ақ Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Венгрия, Италия және Қазақстанның қалаларында өткен сайыстардың жүлдегері атанды. Мәселен, соңғы жылдары олар түрлі жарыстардан 40 алтын, 56 күміс және 44 қола жүлде әкелді.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosreestr.kz веб-порталында ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2021 жылғы 9 наурыз өтетіні хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2021 жылғы «9» наурыз сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. Toyota HiAce, ш.ж. 2007, ақ түсті, шанақ №JTGJSO2P865004594, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 072CF01. Бастапқы баға – 2 233 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 116 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

2. Nissan Almera, ш.ж. 2010, қара түсті, шанақ №KNMCSHLMSP795777, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 043CL01. Бастапқы баға – 2 032 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 016 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

3. Kia Cerato, ш.ж. 2018, ақ түсті, шанақ №XWVWFJ411J0005924, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 436CL01. Бастапқы баға – 5 386 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 693 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

4. Kia Sorento, ш.ж. 2014, қара түсті, шанақ №WDD2211561A118296, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Астана жастары «коммуналдық мемлекеттік мекемесі», м.н. № 419BT01. Бастапқы баға – 4 654 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 327 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

5. Zaz Chance, ш.ж. 2013, ақ түсті, шанақ №Y6DTF69Y0322091, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 643CG011. Бастапқы баға – 984 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 492 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

6. VA3 21074, ш.ж. 2000, ақ түсті, шанақ №ХТА210740Y1347716, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Құрылыс-техникалық колледжі» мққк, м.н. № Z737АН. Бастапқы баға – 238 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 119 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

7. Chevrolet Cruze, ш.ж. 2012, сұр түсті, шанақ № KJ1JA695DK041440, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының

активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 230CL01. Бастапқы баға – 3 180 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 590 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

8. Chevrolet Cruze, ш.ж. 2012, сұр түсті, шанақ № KL1JA6859CK656695, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 408CG01. Бастапқы баға – 3 369 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 684 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

9. GA3 33023 288, ш.ж. 2012, ақ түсті, шанақ № 330230C0145353, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Астана ветсервис», м.н. № 084DZ01. Бастапқы баға – 3 296 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 648 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

10. Skoda Octavia, ш.ж. 2008, қызыл түсті, шанақ № TMBDX41U788853322, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 071CG01. Бастапқы баға – 2 228 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 114 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

11. Skoda Superb, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ № TMBVAB93T1DD300167, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 240CL01. Бастапқы баға – 2 778 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 389 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

12. Skoda Octavia A5, ш.ж. 2011, көгілдір түсті, шанақ № TBMDA41ZXBD150311, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 208CL01. Бастапқы баға – 2 622 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 311 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

13. VA3 21061, ш.ж. 1992, қызыл түсті, шанақ № ХТА210610N2874030, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мққк, м.н. № 978CB01. Бастапқы баға – 276 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 138 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

14. VA321060, ш.ж. 2000, көкшіл-жасыл түсті, шанақ № ХТА213100800094521, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№2 балалар музыка мектебі» мққк, м.н. № 608BM01. Бастапқы баға – 286 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 143 000 теңге. Кепілдік жарна

сомасы – бастапқы бағадан 15%;

15. VA3 21070, ш.ж. 2003, қызыл түсті, шанақ № ХТА21070031756528 көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мққк, м.н. № 759BZ01. Бастапқы баға – 360 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 180 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

16. Kia Cadenza, ш.ж. 2015, қара түсті, шанақ №XWWCN414BFU000715 көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Нұр-Сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, м.н. № 161CL01. Бастапқы баға – 6 143 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 3 071 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

Аукционға қатысу үшін www.gosreestr.kz тізілімі веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейлі банктерде есеп шоттарының деректемелері;

4) байланыс деректері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландыру орталығымен берілген ЭЦҚ қолдану мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, қатысушы тізілім веб-порталына енгізілген деректерді бір жұмыс күні ішінде өзгертеді. Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған Қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысудың электронды өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркегеннен кейін, тізілім веб-порталымен үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді. Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болған жағдайда, тізілім веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін қайтарады.

Тізілім веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша, өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді

қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін қолданыла отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлкті жекешелендіру рәсімдері «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, салыстыру үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын немесе құжат; заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын немесе құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер: **1) IBAN KZ94601711100000330, БСК: HSBKZKX, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; КБ: 11;**

Төлемді алушы (қаз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455.

Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы, тел. 55 68 01, 55 68 15 телефоны бойынша жүгінуге болады.



ЕЛОРДА АРХИТЕКТОРЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасының қоры Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің идеясынан туған «Елорда архитекторы» фотожинағымен толықты.

Жинақта ерке Есілдің жағасына қоныстанған еліміздің бас қаласының алғаш кірпіші қаланған сәттен бүгінге дейінгі тыныс-тіршілігі бүкпесіз баяндалған. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан астанасының тарихын фотосуреттер арқылы сөйлеткізген бірегей альбом десек те болады.

Кітаптың алғашқы беттерінен жиырмамыншы ғасырдың соңындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңадан бой көтеріп келе жатқан Үкімет үйінің құрылысын бақылауға алғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар түрлі мемлекеттік маңызы бар объектілер мен бірсыпыра мәдени-ағартушылық ошақтарының лентасын қиған тарихи фотосуреттер де аз емес.

Елбасы өзінің бір сөзінде бас қаланың даму философиясын өте анық және бейнелі түрде айқындап: «Жаңа астананың салы-

нуымен Қазақстанның жаңа дәуірі басталды. Біріншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекеттілігіміздің барлық институттары орнықты. Елордамыз бүкіл әлем таныған жаңа саяси орталыққа айналды. Мұнда жаңа кеңістік, жаңа координаттар жүйесі, жаңа уақыт пайда болды. Бұл жалпы жаңару мен жаңа тәртіптің пайда болуына серпін береді» деп айтқан.

Айта кетейік, Елбасы кітапханасы музейінің жаңа ғимаратында да елорданың құрылу, даму кезеңдері айқын әрі заманауи технологиялардың көмегімен ұсынылған. «Стратег жолы» залында интерактивті форматта Елбасының көптеген эскиз-сызбасымен танысуға болады. Ал мэппинг-шоуда графикалық анимацияларға жан бітіп, Қазақстан астанасының 1998 жылдан бергі адам сенгісіз жылдамдықпен дамыған тарихи өткелдері кескінделді.



ІНДЕТТЕН САҚТАНДЫРАТЫН ЕРЕКШЕ ҚОЙЫЛЫМ

26-27 ақпан күндері «Astana Musical» театрының жаңа қойылымы көрермендерге жол тартады. Бұл жолғы спектакльдің жөні тым бөлек. «Covid-19» аталатын би перформансы еліміздің ғана емес, әлемнің қазіргі күйіп тұрған мәселесіне арналған. Аталмыш өнер ошағының режиссер-хореографы Әнел Мырзағұлова мен театр әртісі Ақжол Өмірзақовтың туындысы би өнері арқылы пандемия жағдайындағы ел тынысын суреттеп, індеттен сақтануға шақырады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бейсенбі күні осы қойылымның алдын ала көрсетілімін тамашалап, әрі-сәрі күйге түстік. Міне, бір жылға жуықтады індетке байланысты әртүрлі шектеулермен өмір сүруге мәжбүрміз. Спектакль авторлары карантин кезіндегі адамдардың ішкі ой-толғаныстарын, санадағы өзгерістерді, қоғамның кейде көңілге қонымызсыз әрекеттерін беруге тырысқан.

Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік

желілер арқылы таралған ақпарат негізінде сахналанған қойылым дәрігерлердің ерлігін, науқасқа шалдыққандардың азабын, жақынынан айырылудың қайғы-қасіретін суреттейді. Би өнері арқылы берілген көріністер санаға ауыр тиеді. Сондықтан авторлар кәметке толмаған балалардың тамашалауын жөн көрмейді.

Бастысы, қойылым негізіне қоғамдағы шындық алынған. Пандемия кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көбейді деген ақпарат тарайды. Өткен жазда індеттің кесірінен әртүрлі саладағы

қаншама тұлғаларымыздан айырылды. Би қимылдары арқылы соның бәрі көрініс тапқан. Ерлі-зайыптылардың мамыражай өміріне індет араласып, ұйып отырған отбасылардың карантин кезінде шырқы бұзылуы сияқты көріністер көрермендерді бей-жай қалдырмайды.

Қойылымды көріп отырып, көрнекті композитор, талай тамаша әндердің авторы Кенес Дүйсекеевті еске түсірдік. Асыл азамат былтырғы жазда өмірден озып кетті. Спектакльді мұзыкамен көркемдеген Ақжол Өмірзақов белгілі компози-

тордың «Қарағым-ай» әнін қосу арқылы бейнесін көз алдымызға әкелді. Ал биді қойған Әнел Мырзағұлова қойылым әсерлі болуы үшін небір қимылдарды ойлап тапты.

Өнер туындысының бір табысы нақты өмірді суреттеуінде болып отыр. Індеттен әйтеуір құтылармыз, бірақ осы қойылым бір кезде осындай жағдай болғанын еске салып отырады. «Өнер, әдебиет қоғамнан тыс өмір сүрмейді» деген пікір бар. Бұл қойылым осыған көз жеткізеді.

Азамат ЕСЕНЖОЛ

АҚЫН ӨМІРІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Ұлттық музейде өмірден ерте өткен белгілі ақын Марфуға Бектемірованың таңдамалы шығармаларының таныстырылымы өтті.

Халқымыздың ардақты азаматы, жазушы Ақселеу Сейдімбек ағамыз «Дегдар ақын» деп баға берген Марфуға Бектемірова жыр өлкесіне өзіне тән қоңыр үнімен келіп, қазақ поэзиясына мөлдіреген бір бұлақ болып қосылды. Ол кісі елге ақын ғана емес, қарымды журналист ретінде танылды. Аударма саласында өнімді еңбек етіп, орыстың көрнекті суреткері Анна Ахматова-

ның өлеңдерін ана тілімізде тамаша сөйлетті.

Таныстырылым барысында белгілі ғалым Уәлихан Қалижан ақынның шығармашылығы туралы айта келіп: «Қазақ үшін поэзия – жан дүниесі, мұң-шері, ойы, тілі. Ақын деген қандай болу керек? Ақындық – ол кесел, жүрек ауырғаннан кейін жыр-ын жазады, көңілдегі мұңды жазады. Алтын желінің бірі – Марфуға. Марфуғаның

лирикасынан туған жерге деген сағынышын, халқына деген махаббатын көреміз. Бұл жинақ аты да, заты да өлмейтін Марфуға өмірінің жалғасы» десе, жазушы Айгүл Кемелбаева, журналист Ораз Қауғабай, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәуле Тапанова, қаламгер Бақытжан Тобаяқ және Тортай Сәдуақасов ақын туралы жылы естеліктерімен бөлісті.

Оқырманға жол тартқан жыр жинағының бірінші томына қаламгердің туған өлкеміздің сұлу табиғатын, тәуелсіз елдің жетістіктері мен адамдары арасындағы достық, мөлдір махаббат тақырыбындағы өлеңдері еңсе, екінші томға өмірдегі ақпен қараның, жамандық пен жақсылықтың қарама-қайшылығы, жүрек тазалығын тербеткен отты жырлары топтастырылған.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Ержан ЖҮНИСОВ

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілттемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №20

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-61
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Азамат ЕСЕНЖОЛ